



## АҚОРДА

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ

Тәуелсіздік сарайында елімізге мемлекеттік сапармен келген Кения Президентінің ресми қарсы алу рәсімі өтті.


Іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Уильям Руто бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет караулы ротасының бастығы рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін мемлекеттер басшылары шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Уильям Рутоға Астанаға бизнесмендерден құралған үлкен делегацияны бастап сапармен келгені үшін ризашылығын білдірді.

— Бұл мемлекеттеріміздің арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ниетті екеніңізді көрсетеді. Кения — Африкадағы өте маңызды серіктесіміз. Сіздің еліңіз құрлықта саяси және экономикалық тұрғыдан қарқынды дамып келеді. Көптеген бағытта ықпалдастығымызды кеңейтудің тың мүмкіндіктері бар. Біз бұған қуаныштымыз. Оны табысты түрде ілгерілету алатынымызға сенімдімін. Бүгін екіжақты экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық перспективасын талқылаймыз. Найроби Африкадағы халықаралық орталық ретінде танылғаны мәлім. Онда БҰҰ жүйесіндегі ұйымдар орналасып, тұрақты жұмыс істеп келеді. Осыған байланысты Қазақстан Найробиде елшілік ашу туралы шешім қабылдаған болатын, — деді Қазақстан Президенті.

Уильям Руто Кения Қазақстанды сауда мен инвестицияны дамытудағы маңызды логистикалық хаб ретінде қарастыратынын атап өтті.

— Қазірдің өзінде елдеріміз арасындағы тауар айналымында өсім байқалады. Біз Қазақстан арқылы негізгі ауылшаруа-



шылық өнімдерімізді Еуразия нарығына экспорттауға ниет танытып отырмыз. Сапар аясында елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге қажетті құқықтық негіз қалап, тың мүмкіндіктерге жол ашатын бірқатар құжатқа қол қоямыз, — деді Кения Президенті.

Будан кейін Қазақстан мен Кения президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен өткен келіссөз барысында саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық перспективасы қарастырылды.

Мемлекет басшысы Кения Қазақстанның Африка құрлығындағы маңызды

әрі сенімді серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

— Кения — Африканың қарқынды дамып келе жатқан және озық елдерінің бірі. Географиялық тұрғыдан елдеріміз алшақ орналасса да, бізді жаңғыруға деген ұмтылыс пен болашаққа сенімді көзқарас біріктіреді. Қазақстан Еуразия жүрегінде орын тепкен, ал Кения Шығыс Африканың экономикалық орталығы саналады. Бұл екіжақты серіктестікті кеңейту тұрғысынан айрықша мәнге ие. Біз нарықтарды және көлік бағдарларын байланыстырып, инвестициялар мен тың мүмкіндіктерге жол ашу арқылы Орталық Азия мен Африка арасына дө-

некер бола аламыз. Жаңа ғана екіжақты қарым-қатынастың негізгі бағыттарын талқылап, халықаралық күн тәртібі жөнінде пікір алмастық. Елдеріміздің жаһандық мәселелерге қатысты ұстанымдары ұқсас. Біз бейбіт сыртқы саясат жүргізіп, мультилатерализм қағидатына сай әлемдік тәртіпті дәйекті түрде жақтап келеміз. Қазақстан тарапы ортақ мақсаттарды өзара тиімді әрі нақты жобаларға ұластыруға дайын. Бүгінгі сапар барысында қол жеткізілген келісімдер Қазақстан мен Кения ынтымақтастығын жана және сапалы деңгейге көтеретініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзара сауда мен инвестиция мүмкіндіктерін кеңейту үшін Іскерлік кезес құруды ұсынды.

Өз кезегінде Уильям Руто Қасым-Жомарт Тоқаевпен 2023 жылы Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясы аясында кездескенін атап өтті. Ол осы жүздесу екі елдің арасында 1993 жылы қаланған қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға негіз болғанын жеткізді.

— Президент мырза, Найроби қаласында тұрақты елші тағайындау туралы шешіміңіз Сіздің және Үкіметіңіздің Қазақстан мен Кения арасындағы байланыстарды ілгерілетуге маңыз беріп отырғандарыңызды байқатады. Менің сапарым — елдеріміздің ынтымақтастығын нығайтуды көздейтін нақты қадам. Оған еш күмән жоқ. Өзара сауда-саттықты арттыру бағытында айтарлықтай әлеуетіміз бар деп ойлаймын, — деді Кения Президенті.

Тараптар сауда-саттық, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, тау-кен өндірісі, жаңартылатын энергия көздері, ақпараттық технологиялар, электрондық үкімет, ғарыш, қаржы және туризм секілді салаларда серіктестікті нығайту перспективасын талқылады.

Мемлекеттер басшылары мәдени-гуманитарлық бағытта жоғары оқу орындарының арасында тығыз байланысты жолға қоюға, туризм бастамаларын өзара қолдауға және биоалуантүрлілікті сақтау ісінде тәжірибе алмасуға мүмкіндік мол екенін атап өтті.

Осыдан соң Мемлекет басшысы Кения Президенті Уильям Рутоға I дәрежелі «Достық» орденін тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жоғары деңгейдегі келіссөздер Қазақстан — Кения қарым-қатынасын одан әрі тереңдетуге, оны жана деңгейге шығаруға берік негіз қалағанын айтты.

— Қарым-қатынасымызды дамытудағы күш-жігеріңіз ерекше маңызға ие. Сізді Қазақстанда сенімді дос және халықаралық деңгейдегі көрнекті мемлекет қайраткері ретінде таниды. Кенияны экономикалық тұрғыдан өркендетуге, елді жаңғыртуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ауқымды реформаларыңыз құрметке лайық, — деді Қазақстан Президенті.

(Жалғасы 3-бетте)

# ҰЛТ ҰЙЫТҚЫСЫ – ҰЛЫҚ ҰЛЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда сөз сөйледі.

Іс-шараға әлемнің 20-дан астам елінен делегация қатысты. Олардың қатарында тарихшы-медиевистер, археологтар, шығыстанушылар, түркітанушылар, моңғолтанушылар, нумизматтар, эпиграфика мамандары, саясаттанушылар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар, дипломаттар және халықаралық ұйымдардың өкілдері бар.

— Құрметті жиынға қатысушылар! Баршаңызға Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиумға қош келдіңіздер деп айтқым келеді. Ең алдымен, Астанаға арнайы келген қадірлі меймандарға шынайы ризашылығымды білдіремін. Менің алдымда сөз сөйлеген атакты ғалымдар мен беделді халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтамын. Сөздеріңіз мағыналы, мазмұнды болды.

Алтын Орда — Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихшы күмән келтірмейді, бұл — мойындалған тарихи дерек. Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды. Бұл да — дәлелденген дерек. Сондықтан Алтын Орда тарихы көптеген іргелі зерттеуге арқау болғаны анық.

Дегенмен бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ, меніңше, ешқашан жоғалтпайды. Бұл — ұлт жылнамасы мен әлем тарихы үшін өте маңызды мәселе. Біз халықаралық ғылым қауымдастығымен бірлесіп отырып, осы тақырыпты жүйелі әрі жан-жақты зерделеу жұмысын жалғастыруымыз керек. Бірнеше күнге созылатын іс-шараның негізгі мақсаты да — осы, — деді Президент.

## МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы осы тұста Қазақстанның бастамасына қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО басшылығына ризашылығын жеткізді.

— Бұл форумға қатысып отырған ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азуле ханымға алғысымды айтамын. Сіз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы әріптестікті нығайтуға мол үлес қостыңыз.



Симпозиумның осындай беделді жаһандық ұйым аясында өтуі Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін көрсетеді. Бүгінгі жиынға ЮНЕСКО-ның жоғары деңгейдегі өкілі, Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Элуна Ассомо Лазар мырза бастаған делегация қатысып отыр.

Жалпы, еліміз ЮНЕСКО-ның қолдауымен көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды. Нақты айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы тас петроглифтері, сондай-ақ бірнеше көне қала бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сонымен қатар ұлтымыздың материалдық емес мәдени мұраларын дәріптеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

— Мәселен, былтыр ғана «Хандар шежіресі» деп аталатын бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалды. Бұл — ел билеген тұлғалар туралы мәліметтерді топтастырған, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды құжат. Сондықтан біз байланысымызды одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл — өзара тиімді, маңызды шаруа.

Симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің қатысуымен өтті. Бұл — өте маңызды.

Ұзақ жылдар бойы осы іргелі тақырыпты індете зерттеген ресейлік ғалымдардың рөлін атап өткен әділетті болар еді. Олар Алтын Орданың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайтын ғылымның мол қорын жинады. Сонымен қатар Алтын Орда тақырыбы бір ғана мемлекеттің шеңберінде шектеліп қалмай, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Мысыр және бірқатар Еуропа елдері зерттеушілерінің назарын аударып, бүкіл әлемді шарлап кетті десек болады.

Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы — адамзатқа ортақ тарих. Бүгін өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жана сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер он нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміз Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастыратынын айтты.

— Өйткені бұған атүсті қарауға болмайды. Олай болған жағдайда әлемдік тарихтағы осындай бірегей құбылысқа қатысты ұстаным өзгереді. Ал ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа

сызат түсіруі мүмкін. Өкінішке қарай, әлемдік маңызы бар ірі тарихи оқиғаларды бұрмалаған мысалдар қазір де кездеседі.

Геосаяси ахуал құбылып тұрған бүгінгідей заманда соғыстардың қасіретті хронологиясына байланып қалмай, адамзат тарихындағы жасампаз кезеңдер мен диалог аландарының нәтижелі сәттеріне мән берген жөн.

Әлбетте, бұл оңай міндет емес. Себебі тарлан тарихтың бағзы дәуірлерден бастап қазірге дейінгі шежіресінде соғыстар мен қарулы қақтығыстар өте көп кездеседі. Мұндай көріністің қалыптасуы да түсінікті: бейбіт күндегі күйбең тіршілікті сипаттағаннан гөрі қан майдандағы бітпесес ұрыстарды жазған әдепкейде жеңіл. Айтпақшы, Лев Толстойдың атакты «Соғыс және бейбітшілік» романы — бейбітшілікті емес, соғысты егжей-тегжейлі суреттеген шығарма, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әлемдік қоғамдастық тарихи жолайрықта тұрғанын атап өтті. Өркениетті таңда алдындағы сындарлы сәтте ортақ тарихымызды халықтарды біріктіретін фактор ретінде ұсыну үшін беделді, кәсіби ғалымдардың күшін бір арнаға тоғыстырған дұрыс. Бұл орайда тарихқа әділ әрі саяси тұрғыдан бейтарап баға беру маңызды.

— «Тарихты жеңімпаздар жазады» деген қағидаттың ғылымға қарсы сипатын ұмытпаған жөн. Яғни, жеңімпаздарды жазғыруға болмайды, әлем тарихының төрінен орын алып, зерттеушілердің мақтау-мадағына ие болады. Ал шағын және орта мемлекеттер, соның ішінде майданда жеңіліс тапқан елдер тарихтың тасасында қалады.

Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көшпелі халықтарды жабайы, бей-берекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет денгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі догмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті. Бұл ретте біз шынайы тарихнаманы қалпына келтіре отырып, өткенді әсірелеуден аулақпыз. Тарих өзіне тәнті болған жағдайда әрекеттерді, ортақ мұраны жеке-жеке халықтың қанжығасына байлап беруді кешірмейді. Қереғарлықтар мен кедергілерге толы бай тарихымызды бір-жақты түсіндіруге қойылатын талап ғылымның құлдырауына және өзара сенімнің жоғалуына әкелетін тұйыққа тірейді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіби тарихшылар қауымдастығында «жұмсақ күш»

пен ғылыми дипломатияның өкілдері де барын атап өтті. Олар саясаткерлер қамал тұрғызатын жерде көпір салуға қабілетті. Тарихшылардың миссиясы қазіргі алмағайып кезеңде маңызды болып тұр.

— Алтын Орда дәуірі отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге біз бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз. Көптеген халықтың тарихи жадында реформаторлар мен көрнекті ойшылдардың қалыптатып тіршілігіне қарағанда, билеушілердің жорығы мен дарынды қолбасшылардың ерліктері сақталатынын жоғарыда айттық.

Расында, соғыстардағы аңызға айналған жеңістер адамдардың рухын оятады. Ал тағдыршешті мәні уақыт өте келе байқалатын институционалды жаңашылдықтар мен озық идеяларға көпшілік селт ете қоймайды. Оған әлі күнге дейін Ұлы дала тарихының шексіз шайқастар мен ұрыстар ретінде бұрмаланып көрсетілуі нақты мысал бола алады. Мұндай сынғақару ұстаным Ұлы даланың, әсіресе Алтын Орданың күрделі, көп қатпарлы өмір салтын әскери шежірелердің ойдан шығарылған өлшемдеріне салып, тарихи шындықтан алыстатады, оқиғаларды көмескілендіре түседі, — деді Мемлекет басшысы.

## ТАРИХТЫ ПАЙЫМДАУ – ҒЫЛЫМНЫҢ МҰРАТЫ

Президенттің сөзінше, қазіргі ғылымның жоғары пәнаралық даму деңгейі Алтын Орда тарихын объективті зерттеу үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

— Бүгінгі жиында аталған кезеңді зерттеп жүрген беделді ғалымдар бас қосып отыр. Осы орайда Алтын Орда тарихын пайымдау перспективасын кеңейтуге көмектесетін бірқатар ғылыми ізденіске байланысты өз ойымызды қысқаша жеткізім келеді.

Біріншісі, зияткерлік мұраны зерделеу. Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалыптасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмаймыз. Орта ғасырларда Ұлы дала озық идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім.

Орталық Еуразиядағы көшпелілер тіршілігінен, түркі-моңғол мұраларынан, ислам дәстүрлерінен және христиан қауымдастығына жататын халықтардың дүниетанымдық қағидаттарынан нәр алған ақыл-ойдың құнарлы топырақтан қанат жаюуы заңды еді. Бұл идеялар эволюциясы үздіксіз жүрген кезең еді. Әр ғасыр Ұлы даланың ақыл-ойы кенін байытып, жана құндылықпен толықтырып отырды, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

## АҚОРДА

21 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

## ҰЛТ ҰЙЫТҚЫСЫ – ҰЛЫҚ ҰЛЫС

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы осы терең сабақтастықты түйсінбейінше, Алтын Орданың өркендеу сырын объективті бағалау қиын екенін айтты.

— Әлбетте, бұл орайда Алтын Орданың негізі қаланғанға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген әйгілі ойшылдардың ғылыми, философиялық, әдеби мұраларының мән-маңызы зор.

Ең алдымен, тарихта Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі — Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында әділдіктен айнымау, білімге құштарлық және адамгершілік қасиеттерді шыңдау арқылы баршаға бірдей игілікке қол жеткізуге болатынын жан-жақты айтқан. Оның ойлары түрік, мұсылман әлеміндегі кейінгі саяси-философиялық дәстүрлерді түсінуге маңызды бағдар болды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, Ұлы даланың зияткерлік мұрасында ғұлама Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы дараланып көрінеді. Ол жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрды. Шын мәнінде, ол Ұлы дала халықтарына қазіргі дүниетаным-мымыздың өзегіне айналған мүлдем жаңа идеологиялық доктрина ұсынды.

— Ясауи хикметтері — Ұлы даланың мәдени коды. Ал ғұламаның Түркістандағы кесенесі — ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген нысан. Түркістан шаһары ғасырлар бойы өңірдің басты рухани және саяси орталығы болды. Қазір ол түркі дүниесінің қасиетті қара шаңырағы саналады.

Әл-Фараби, Ясауи және басқа да әйгілі ойшылдар ілімінің Алтын Орда тұсында одан әрі дами түсуі заңдылық. Мәселен, түркі тілі, исламның кітаби дәстүрлері мен даланың санғасырлық даналығы дәл осы кезеңде бір-бірімен біте қайнасып, идеологиялық тұрғыдан ауқымы кеңейді. Бұл Алтын Орда кезеңінің әдебиетінде көрініс тауып, түркі халықтарының сөз өнері қанат жайған кезең ретінде бағаланды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент халқымыз үшін Алтын Орда дәуірінен бүгінге дейін жеткен «Ақсақ құлан» күйінің символдық мәні зор екенін жеткізді. Быыл күйдің шыққанына 800 жыл толады. Бұл аңыз — домбыраның шаңағынан шыққан Ұлы даланың үні, ұлтымыздың рухани байлығы.

— Кетбұға, Асан қайғы, Шалкиіз және Доспамбет секілді жыраулардың мұрасы біздің аймаққа тән дәстүрлі өнер жанрында бүгінге дейін жеткені кездейсоқ емес. Сол кезеңдегі жыраулар (ер Едіге, Аламыс, Қобыланды, Ер Тарғын) батырлардың ерлік жолы мен тарихи оқиғалар тізбегі жиі баяндалады. Бұл — қазақ, татар, башқұрт, ноғай, каракалпақ және басқа да халықтардың ортақ қазынасы.

Осы зияткерлік және рухани сабақтастық сан ғасырларды көктей өтіп, хакім Абайдың шығармаларының көрініс тапты. Ұлы ойшыл «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы кеменгер тұлға тәрбиелеудің формуласын ұсынды. Оның өзегінде «нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» ұштағаны тұр.

Сондықтан Ұлы даланың интеллектуалдық мұрасын табиғи түрде қалыптастырған, біздің өмірге тән идеологиялық субстанция ретінде атасақ, артық болмайды. Осынау рухани қазынамыз бүкіл әлем үшін мән-маңызы зор. Бұл — біртұтас философиялық, идеологиялық мұра. Қазақстан осы идеялық құндылықтарды бағдар етуге және оны жан-жақты дәріптеуге ниетті. Сол үшін Al-Farabi, Qoja Ahmet Yasaui ордендерімен мемлекеттік марапаттар тізіміне енгізілді. Бұл жоғары наградлар ғылым мен руханиятты дамытуға айрықша үлес қосқан тұлғаларға, соның ішінде шетелдік ғалымдарға, саяси және қоғам қайраткерлеріне табысалады, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы таяуда ғана елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Qoja Ahmet Yasaui орденінің тұңғыш иегері атанғанын баяндады. Осылайша, еліміз тарихи тағдыры ортақ туысқан халықтардың келешегі жолындағы ақыл-ой еңбегі мен ырсты ынтымақтың маңызды екенін айрықша атап көрсетеді.

— Екінші маңызды мәселе, меніңше, Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесін мұқият зерделеу қажет. Жошы ұлысының дәуірлеп тұрған кездегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті Рим империясының ең айыбы кезінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша, Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да — осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалдық негізі, яғни мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді.

Жошы ұрпақтары Хань немесе Габсбург династиялары секілді ғасырлар бойы, яғни 600 жылдан астам уақыт Ұлы дала төсіндегі түрлі мемлекеттік құрылымға билік жүргізді. Бұл Жошы ханның ұрпақтары құрған мемлекет жүйесі тұрақты әрі өміршен болғанын көрсетеді. Соның арқасында әртүрлі этнос пен дін өкілдері тату-тәтті өмір сүрді, — деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Алтын Орда дәуірінде Дала заны мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал қоғамдық тәртіп қағидатының бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр түрлі елдерінде адамның және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл — қоғамдық тәртіп болды деген сөз.

— Бұдан бөлек, Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет етті.

Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Әскерде және мемлекеттік аппаратта темірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидасына ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді.

Осылайша, ұтымды ішкі және сыртқы саясаттың арқасында қоғамда тұрақтылық сақталды, мемлекет те өсіп-өркендеді. Алтын Орда Мысыр мемлекетімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатты. Жалпы, тарихта «Ұлы дүрбелен» деген атпен қалған саяси дағдарыс кезінде де Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі сыр берген жоқ, яғни тұрақтылығы сақтап қалды. Бұл жүйені кейін Еуразия аймағындағы көптеген мемлекет басшылыққа алғаны баршаңызға мәлім, — деді Мемлекет басшысы.

Президент үшінші өзекті мәселе ретінде Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн екенін айтты. Баршамызға белгілі, ежелдегі Месопотамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен аңғарларын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті.

— Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл әлем тарихына түбегейлі жаңа сипат берген оқиға болды. Атка міну мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды.

Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі көлік, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер өркениетінің ең биік шыңына көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар. Түптеп келгенде, Алтын Орда көшпенділер өмірін, қаладағы көлөнер мәдениеті мен сауда жолдарының өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты.

## ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Көптеген беделді ғалымның пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатыр. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапты. Мамандардың айтуынша, нағыз өрлеу кезеңінде Алтын Ордада шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жететінін айтты. Қазақстанның ұлттық валютасы — теңге атауы ұлыстың «данг» сөзінен тамыр тартады. «Денги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл — кең-байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел.

— Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал дәлізі ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқы-

лы жыл сайын мыңдаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда, Қытайдан — жібек, Үндістаннан — дәмдеуіштер, Ресей жерінен — тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен көлөнер бұйымдары тасымалданды.

Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс күлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен қоршап, тұйықтау болған жоқ. Әр қала қарқынды сауда орталығы ретінде адамдардың еркін қозғалысына бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қалыптасқан толқандарды деген аңыз-әңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең оңтайлы мемлекеттік үлгісінің негізін қалады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары — соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады.

— Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамуының Алтын Ордада жасалған кірпіштердің Ертіс пен Дунай аралығында кенінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түркілерінің ерте адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты.

Әрине, мен ұсынған зерттеу бағыттарымен шектеліп қалуға болмайды. Мен сіздер секілді көне дәуірді зерттеп жүрген тарихшы-ғалым емеспін. Қазір Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның рөлін жаңаша пайымдау керек. Бұл — осы бағыттағы ізденістердің аясын кеңейтуге септігін тигізетін бағдар ғана, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Жошы Ұлысының мол зияткерлік және рухани дәстүрі, тиімді басқару институттары мен дамыған экономикасы болғанын жеткізді. Осы алып өркениеттің қыр-сырын толық ашу маңызды. Бұл өткенді ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу, сондай-ақ Орталық Еуразия халықтарының мемлекеттілік бастауын, бірегейлігін және ортақ тарихын терең түсіну үшін қажет.

— Баршамызға белгілі, Қазақстан кейінгі жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатыр. Мұның еліміз үшін аса маңызды және өте жауапты қадам екені сөзсіз. Сондықтан біз алдымызда тұрған міндетті де жақсы түсінеміз: сана өзгермей, қоғам да жаңғырмайды, мемлекет те өркендемейді. Бұл — ақиқат.

Соның ішінде тарихи сабақтастықты сақтау мәселесі аса өзекті. Онсыз ешқандай даму болмайтыны анық. Өткенге құрметпен қарамасақ, жарқын болашаққа қарай бет алуға қиын болмақ. Сол себепті біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарай нық сеніммен қадам басамыз, — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жалпұлттық референдумда қабылданған жана Конституцияда мыңдаған жылға созылатын тарихы бар Ұлы дала сабақтастығын сақтау кәсірлі парыз екені нақты көрсетілгеніне назар аударды.

— Өйткені біз — мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз. Алтын Орда мұрасы — ұшан-теңіз. Біз осы алып руханы, тарихи қазынамызды XXI ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Мемлекет бастамамен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл — осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазір әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке топ арналып отыр.

Жошы Ұлысының мол тарихи-мәдени мұрасын жұрт жадында жаңғырту үшін фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып жатыр. Сондай-ақ спектакльдер де қойылып, ескерткіштер орнатылып, көрмелер өткізілуде. Алайда Алтын Орданың мән-маңызын терең зерделеу, оның тарихи рөлін жан-жақты насихаттау үшін мүлде жаңа, яғни халықаралық ауқымдағы жұмыс істелуі қажет.

Мен жақында Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды ұсындым. Сонымен қатар Алтын Орда мәселесін зерделеу жүрген шетел мамандарын жұмылдырып, баспа саласына қатысты іргелі бастамаларды қолға алу қажет, — деді Мемлекет басшысы.

## ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ — ОЗЫҚ ЕЛДІҢ ДАҒДЫСЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, креативті индустрия және медиа бағытындағы түрлі жобалар, ең алдымен, академиялық зерттеулерге арқа сүйеуі керек. Жаһандану, жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде көшпенділік, яғни номинализм тұжырымдамасы туралы жаңаша көзқарас қалыптастыру — өте маңызды. Бүгінде бұл ұғымның сипатын «цифрлық көшпенділердің» жасампаз рухы мен сарқылмас күш-қуатынан айқын көруге болады.

— Әділдік, ашықтық және мәдениеттер диалогы — Дала өркениетіне арқау болған құндылықтар. Осы мемлекеттілік дәстүрін жан-жақты зерттеу бүкіл Орталық Еуразияның ұзақмерзімді дамуына ықпал етері сөзсіз. Қазір бұл аймақ жана сипаттағы қайта өрлеу, яғни ренессанс кезеңіне қадам басты деп айтуға болады.

Біз әлемдегі маңызды геосаяси және өркениет орталығы ретінде өз тарихи миссиямызды қайта жаңғырта басталдық. Бұл үдерісте халықтарымыздың, соның ішінде, өскелең ұрпақтың теңдессіз рухы мен күш-қуаты шешуші рөл атқарады. Соның арқасында қазір біз алдымызға биік мақсаттар қойып, маңызды міндеттерді орындап келеміз.

Сондықтан ата-бабадан қалған мол мұраны қазіргі заманның құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру маңызды. Тарихты зерттеу дегеніміз — өткенмен өмір сүру немесе көнені көксеу емес. Ескіліктің шырмауында қалу — нағандық пен қараңғылыққа апаратын жол. Түп-тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көзжиегін кеңейте түсу қажет. Біз осы қағидамыз терең түсіне отырып, жана Ата заңда мәдени мұраларымызды сақтауға, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуға айрықша басымдық бердік. Бұл маңызды жұмысты бастап та кеттік.

Мен бір апта бұрын Жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршамызға белгілі, қазіргі заманауи технология өмірдің барлық саласына түбегейлі еніп, ауқымды өзгерістерге жол ашып жатыр. Бұл үрдіс адамзат болашағына тікелей ықпал етері анық, — деді Президент.

Мемлекет басшысы озық технология күн сайын аса жоғары қарқынмен дамып жатқанын сөз етті. Бұл — XXI ғасырдың ақиқаты.

— Біз мұны жақсы түсінеміз. Сондықтан заман талабына тез бейімделе алатын зерделі ұрпақ тәрбиелеуге баса мән беріп отырмыз. Бұл бағытта көптеген бастаманы қолға алып жатырмыз.

Биыл тамызда елімізде ЮНЕСКО-ның қолдауымен жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиада өтеді. Аталған білім додасына 100 елден келетін оқушылар мен студенттер қатыспақ. Бұған қоса, елімізде «Дүниежүзілік көшпенділер ойындары», «Болашақ ойындары» сияқты бірегей жобалар кенінен дәріптелуде. Сондай-ақ осы жылы күзде Астанада тұңғыш рет AI Film фестивалі өткізілмек.

Біз жана цифрлық және көлік дәліздерін, мәліметтерді сақтау орталықтарын ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Сол арқылы Ұлы Жібек жолын жаңаша сипатта жаңғыртып, көне ғасырлардағы әйгілі кітапханалардың заманауи

нұсқасын ұсынуға мүмкіндік туады. Бұл, шын мәнінде, дәстүр мен жаңашылдық үйлесім тапқан озық заманның көрінісі болмақ, — деп пайымдады Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тарихтың дәрістері дамуға бет алған болашақпен үндескенде ғана өркендеу жолына түсетінімізді айтты. Бұл орайда, Алтын Орданың сан қилы тарихы мен тағдыры мемлекеттердің күш-қуаты түрлі мәдениеттерді нәтижелі гуманитарлық және саяси серіктестіктің бірыңғай жүйесіне біріктіре алуынан көрінетінін еске салды.

— Осы стратегиялық бағытты ұстана отырып, Қазақстан түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуды, аймақ елдерінің экономикалық және технологиялық әлеуетін нығайту үшін Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастық идеясын жан-жақты ілгерілетуді жан-жақты қолдайды. Мысалы, 2025 жылы ШЫҰ саммитінде «ТрансАлтай диалогы» бастамасын көтердім. Бұл идея Ресейдің «Алтай — түркілердің атақонысы» тұжырымдамасымен үйлеседі.

Жалпы, тарихтан тартыс құралын жасауға болмайды. Тарих халықтардың арасынан жалғайтын алтын көпір ретінде әділетті әрі қауіпсіз әлем құруға ықпал етуі қажет. Сол үшін ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, бірлесе әрекет етуіміз қажет. Бұл мәселеде ғылыми қауымдастық айрықша рөл атқаратыны анық.

Бүгінгі жиында айтылатын салмақты ойлар мен ұтымды ұсыныстар жаңа ғылыми еңбектерге, халықаралық жобалар мен экспедицияларға негіз болатыны сөзсіз. Біз бұл симпозиумды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Сіздер алдағы уақытта да осы маңызды жұмысқа мол үлес қоса бересіздер деп ойлаймын. Баршамызға тағы да зор алғыс айтамын. Шын мәнінде, бүгінгі симпозиумның тарихи мәні айрықша. Осы маңызды жиынның қорытындысы бойынша арнайы қарар қабылданады. Бұл құжат Алтын Орданың тарихы мен мұрасын зерттеу жұмысына тың серпін береді деп сенемін. Еңбектеріңіз жемісті болсын! — деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

Басқосудан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орда тарихына қатысты археологиялық, жазба және мәдени жадгерлер қойылған экспозицияны аралап көрді.

Мемлекет басшысына 70 археологиялық және сәулеттік ескерткішті қамтитын интерактивті карта, соның ішінде 17 нысанға қойылған сипаттама, әуелен түсірілген фотосуреттер мен 3D-визуализация көрсетілді.

Көрмедегі негізгі жадгерлердің бірі — дәуір билеушілері мен тарихи тұлғалар туралы генеологиялық мәліметтерді қамтитын «Хандар шежіресі» атты қолжазба. Сонымен қатар Каталон атласы, жазба деректер, тентелер және тұрмыстық бұйымдар бар. Жазба мұралар арасында 3 жарлық, 4 дипломатиялық хат пен 21 қолжазба түпнұсқа және электронды форматта ұсынылған. Көрменің мақсаты — Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасын жан-жақты насихаттау және оның ғылыми зерттеу аясын кеңейту.

Осыдан соң Мемлекет басшысы ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азулені Qoja Ahmet Yasaui орденімен марапаттады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азулені ЮНЕСКО Бас директоры ретінде атқарған қызметіне жоғары баға берді.

— Сіздің парасатты әрі мықты басшылығыңызбен ЮНЕСКО диалог пен ынтымақтастық алаңы ретіндегі рөлін арттыра түсті. Жаһандық бағдарсыздық пен қалыңыстар белең алған кезде Сіз білім мен мәдениетті бейбітшілікті нығайтатын маңызды құрал екенін ұдайы дәлелдеп келесіз. Еліміздің бай тарихи және мәдени мұраларына назар аудару арқылы өзара серіктестікті кеңейтіп, жана денгейге көтерілуіне ықпал еттіңіз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азуле Қазақстанның бірегей мәдени құндылықтарын, тарихи ескерткіштерін, зияткерлік мұраларын сақтауға және олардың халықаралық денгейде танылуына ерекше үлес қосқанын атап өтті.

— ЮНЕСКО-ның бастамалары мен бағдарламалары арқылы әлемдік қоғамдастық Қазақстанның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен бастап, Ұлы даланың мәдени кеңістігіне дейінгі қайталанбас мұраларымен таныса болды. Сондықтан Сізге Qoja Ahmet Yasaui орденін тапсыру — мен үшін зор мәртебе. Сіз Қазақстанға, әсіресе халқымыз үшін орны айрықша Ясауи кесенесіне қатысты үлкен іс атқардыңыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Мемлекет басшысына жоғары марапат тапсырғаны үшін алғыс айтты.

— Президент мырза, маған көрсеткен айрықша құрметіңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Менің Қазақстанға алғашқы сапарым Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен тығыз байланысты. Бұл орынның тарихи ғана емес, рухани құндылығын терең сезіндім. Сол себепті ұлы ойшыл атындағы орденмен марапатталғанымға қуаныштымын, — деді Одрэ Азуле.

М.ТӨЛЕУ

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Кения Президентінің Африкадағы бірлікті сақтауға, әлемдік қоғамдастықпен мазмұнды серіктестікті дамытуға ықпал ететін сындарлы диалогқа бейіл екенін атап өтті.

— Қазақстан мен Кения арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосқаныңызды ескере отырып, Сізге I дәрежелі «Достық» орденін тапсыруды зор мәртебе санаймын. Бұл жоғары марапат — Қазақстанның шексіз құрметі мен ризашылығының, сенім мен өзара құрметке негізделген қарым-қатынасты жандандыру ниетінің белгісі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Уильям Руто осы жоғары марапатты Кения мен Қазақстан арасындағы мызғымас достықтың нышаны ретінде қабыл алатынын жеткізді. Бұл бейбітшілікке, ынтымақтастыққа және түрлі құрлықтағы халықтардың мәдениетін өзара байытуға қатысты ортақ ниетті көрсетеді.

— Орденді таққан кезде бірлік, құрмет пен ынтымақ сияқты құндылықтарға ықпалым арта түскенін сезіндім. Мен аталған жоғары марапатты үйлесімді өркендеу жолында Қазақстан халқымен тізе қосып, әрекет етіп келе жатқан Кения жұртының атынан қабылдаймын. Осы арқылы серіктестігіміз бекип, екі ел арасындағы достық ұрпақтан ұрпаққа жалғасады деп сенемін, — деді Кения Президенті.

## МАЗМҰНДЫ КЕЛІССӨЗДЕР МӘНІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Уильям Руто БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Мемлекет басшысы Кения Президентінің елімізге жасаған алғашқы тарихи сапары қос мемлекеттің ынтымақтастығын жаңа белеске көтеретініне сенім білдірді.

— Кения — Қазақстанның Африка құрлығындағы ең ірі және сенімді сауда серіктесінің бірі. Біз екі елдің ықпалдастығын одан әрі бекемдей түсуге ниеттіміз. Кения Республикасы соңғы жылдары дамудың даңғыл жолына шықты. Шығыс Африканың жауһары саналатын бұл ел қаржы, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика және басқа да салаларда елеулі жетістікке қол жеткізді. Найроби қаласы маңызды халықаралық дипломатия орталығы саналады. Мұнда Біріккен Ұлттар Ұйымының бірнеше құрылымы тиімді жұмыс істеп тұр. Жалпы алғанда, Кенияның әлемдік сахнадағы беделі артып келеді. Бұл Президент Рутоның сарабал саясаты мен көрген көшбасшылығының нәтижесі деп білеміз. Біз білгір Найроби де өз елшілігімізді аштық. Бұл шешім Қазақстанның Кенияға шынайы ықыласы мен достығын аңғартады. Жалпы, бұл — Қазақстанның Африка құрлығындағы алтыншы дипломатиялық өкілдігі. Еліміз Африка мемлекеттерімен байланысын бекемдеуге баса мән береді, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар бірқатар маңызды мәселе бойынша мазмұнды келіссөз жүргізген.

— Әсіресе, сауда-экономикалық ықпалдастықты кеңейтуге назар аудардық. Көлік, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар, туризм, өнеркәсіп және басқа да салада бірлескен жобаларды іске асыруға уағдаластық. Елдеріміздің арасында тұрақты түрде тікелей әуе рейстерін ашу мүмкіндігі туралы да пікір алмастық. Біз ауыл шаруашылығы өнімдерін, ең алдымен, бидайды және өзге де тауарларды Африка нарығына жеткізуге мүдделіміз. Осы мақсатпен Момбаса портын пайдалану мәселесін қарастырдық. Бұл — осы аймақтың сегіз мемлекетіне жол ашатын Шығыс Африкадағы ең ірі логистика орталығының бірі. Бүгінде Қазақстан нарығында Кенияның бірқатар тауары, соның ішінде шай және кофе өнімдері бар. Мұны екі ел арасында орныққан тұрақты сауда қатынасының көрінісі деуге болады. Сонымен қатар біз Кения өнімдерін Қазақстан арқылы Еуразия елдеріне жеткізу мәселесін талқыладық. Сауда-экономикалық ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеру қажет екенін айттық. Қазақстан-Кения Іскерлік кеңесін құру туралы бастама көтердік. Бұл кеңес нақты жобаларды ілгерілетуге, өзара алыс-берісті арттыруға мүмкіндік береді, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Кения еліміздің Egov жүйесіндегі, ғарыш және ақпараттық технология салаларындағы жетістігіне қызығушылық танытып отырғанын айтты.

— Сапар аясында Президент Руто мырза ALEM AI халықаралық жасанды интеллект орталығының және Қазақстанның ұлттық ғарыш орталығының жұмысымен танысады. Келіссөздер ба-



рысында мәдениет, туризм, білім және ғылым салаларындағы байланыстарға да көңіл бөледі. Кения табиғатты қорғау және биоалуандықты сақтау мәселесіне айрықша мән береді. Бұл ұстаным біздің еліміздегі «Таза Қазақстан» идеологиясымен үндес екенін ерекше атап өткім келеді. Сондай-ақ бүгін елордамызда Қазақстан-Кения бизнес-форумы өтіп жатыр. Осы маңызды жиынға екі елдің іскер азаматтары қатысуда. Бұл іс-шара қос тараптың алыс-берісін одан әрі тереңдетуге мүмкіндік берері сөзсіз. Біз үкіметтерімізге жан-жақты серіктестікті жандандыру үшін нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма беруге уағдаластық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттер келіссөз барысында халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмастан.

— Африка құрлығындағы және Таяу Шығыстағы ахуалды талқыладық. Найроби аймақтық қақтығыстарды реттеуді көздейтін бітімгерлік бастамаларға белсенді қолдау көрсетуде. Сондай-ақ Кения Африкадағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Әлемдегі көптеген түйткілге қатысты Қазақстан мен Кенияның ұстанымдары — ұқсас. Екі ел де халықаралық мәселелерді тек бейбіт, дипломатиялық жолмен, яғни, келіссөздер арқылы шешу керек деп есептейді. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастығымызды күшейтуге келістік. Жалпы, бүгінгі келіссөздер нәтижелі әрі мазмұнды болды деуге толық негіз бар. Біз Қазақстан мен Кения арасындағы байланысты нығайтуға, өзара тиімді серіктестікті кеңейтуге және түрлі саладағы нақты жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайынбыз. Бұл екі елдің де мүддесіне сай келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Кения Президенті Мемлекет басшысымен көптеген саладағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған сындарлы және нәтижелі келіссөз жүргізгеніне назар аударды.

— Біз екіжақты қарым-қатынастың қазіргі жай-күйін қарастырып, сауда, инвестиция, инновация және өндіріс екіжақты ынтымақтастыққа бағытталудағы нақты шараларды іске асыру жайында уағдаластық. Кения Қазақстанды маңызды стратегиялық серіктес және Орталық Азияға, тұтас Еуразия аймағына негізгі қауіпсіздік санайды. Біз Қазақстанның Шығыс және Орталық Африка елдерімен байланысына дәнекер болуға дайынбыз. Қазақстан тарапына Найроби қаласында құрлықтағы қызметін ұйымдастырудың стратегиялық базасын жасақтауды, ал Момбаса және Ламу порттарын өндіріс нарыққа шығу үшін негізгі логистикалық хаб ретінде қарастыруды ұсындық, — деді Уильям Руто.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ТЕРЕҢДЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Уильям Руто «Қазақстан-Кения» бизнес форумына қатысты.

Мемлекет басшысы қазіргі уақытта Қазақстан мен Кения арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Бұл саяси шешімдерді бекітуге және екіжақты байланыстарды нығайтуға қос тараптың да ниетті екенін көрсетеді.

— Президент Уильям Рутомен жүргізген нәтижелі әрі мазмұнды келіссөз барысында көптеген бағыттағы өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдетуге ниетті екенімізді растадық. Сондай-ақ серіктестіктің жаңа бағыттарын айқындадық. Экономикалық байланыстарымыз таяу арада нақты іске ұласады деп ойлаймын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық серіктестікті жандандыру бойынша бірқатар бастама көтерді.

— Сауда мен инвестиция саласындағы диалогтың арнаулы платформасына айналатын «Қазақстан — Кения» іскерлік кеңесін бекіту қажет. Бизнес-миссиялардың барыс-келісін тұрақты түрде ұйымдастыру компаниялардың өркендеуіне ықпал етеді. Қазақстанның Кениядағы бизнес мәселелерін үйлестіру бойынша Құрметті консулдың тағайындау елдеріміздің кәсіпкерлері арасындағы байланысты арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар көлік-логистика инфрақұрылымын жақсарту перспективасы мен тиімді мүмкіндіктерді пайдалану жөніндегі сарапшылар тобын құру ұсынылады. Осы шараларды іске асыру министрлер деңгейіндегі Сауда-экономикалық ынтымақтастық бойынша үкіметаралық комиссияны тездетіп құруға берік негіз болады деп сенемін. Сондай-ақ бизнес тәжірибелерін зерделеу үшін Кенияға іскерлік орта өкілдерінен құралған топ жіберуге уағдаластық, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстан — Орталық Азиядағы экономикасы ірі елдердің бірі. Өсім динамикасы — 6,5 пайыз.



— Шағын және орта бизнес — экономикамыздың 40 пайызына жуығын құрайды. Ел жетістіктерінің мәні осында. Мемлекеттегі тұрақты саяси ахуал экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз етіп отыр. Жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституция инвесторлар құқығын қорғаудың кепіліне айналды. Қазақстан инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын тартымды институционалдық база қалыптастырды. Институционалдық қауіпсіздік арқылы ұзақмерзімді ынталандыру шараларын ұсынамыз. Енді шетелдік кәсіпкерлер инвесторларға салықтық және миграциялық жеңілдіктер беретін «Altyn Visa» бірегей бағдарламасын толық пайдалана алады. Осы орайда кениялық бизнестің көшбасшыларын аталған мүмкіндіктерді қолданып, Қазақстанды инвестиция, өсім және ұзақмерзімді серіктестік үшін стратегиялық бағыт ретінде қарастыруға шақырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екіжақты ынтымақтастықты тереңдетудің бірқатар перспективті салаларына тоқталды.

— Қазақстан Еуразияның негізгі көлік хаб ретінде қалыптасты. Бүгінде Қытай мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің шамамен 85 пайызы еліміздің аумағынан өтеді. Орта дәліз атауымен белгілі Транскаспий халықаралық көлік бағдарын белсенді түрде ілгерілетіп келеміз. Ал Кения — 300 миллион халқы бар Шығыс Африка нарығына кедергісіз кіруге мүмкіндік беретін басты логистикалық қақпа. Орта дәлізді Африканың маңызды теңіз жол-

дарымен жалғау қажет. Осы мақсатта «Бір белдеу, бір жол» бастамасының әлеуетін толық пайдаланған жөн. Қазақстан Шығыс Африканың ірі көлік-логистика желісі саналатын Кениядағы Момбаса және Ламу порттарымен байланыс орнатуға әзір. Бұл аймақтар қазақстандық металл өнімдері, құрылыс материалдары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен тағам өнімдерінің экспортын айтарлықтай арттыруға жол ашады. Теңіз жолына қоса әуе қатынасын дамыту жүк жеткізуді барынша жеделдетеді. Қазақстандағы «ашық аспан» режимі әлемдік авиатасымалдаушылар үшін жақсы ынталандыру болмақ. Ең әуелі, екі ел арасында әуе жүк тасымалын іске қосу мүмкіндіктерін зерделеуді ұсынамын. Әрине, біздің ұзақмерзімді міндеттеріміздің бірі — Астана мен Найроби арасында тікелей әуе рейстерін ұйымдастыру, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастықты тағы бір басым бағыт ретінде атады.

— Қазақстан негізгі азық-түлік дақылдарын өндіретін әлемдегі көшбасшы елдердің бірі саналады. Африкадағы жоғары сұранысты ескере отырып, Сіздің еліңізге бидай экспорттауға мүдделіміз.

ынтымақтастықтың маңызына назар аударды. Оның айтуынша, Кения Африканың «Кремний саваннасы» ретінде кенінен танымал.

— Қазақстан GovTech және FinTech салаларында мол тәжірибе жинады. Бұл ретте электрондық үкіметке және заманауи банк инфрақұрылымына қатысты үздік шешімдерімен бөлісуге дайын. Сонымен қатар жасанды интеллект және ғарышты игеру саласында ынтымақтастық орнатқымыз келеді. Бүгін қол қойылған IT, ғарыш технологиясы салаларындағы бірқатар меморандум елдеріміздің нәтижелі әрі ұзақмерзімді серіктестігіне жол ашатыны анық, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) мен Найроби халықаралық қаржы орталығы арасындағы әріптестікті құптады. Мемлекет басшысы кениялық компанияларды АХКО мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, Орталық Азияда және одан тыс қары жерлерде бизнесін көркейтуге шақырды.

Президенттің пікірінше, бүгінде Қазақстанның туризм саласы қарқынды дамып келеді, осы орайда «шытырман оқиға толы» туризмді дамытқан жөн.

Мемлекет басшысы бүгінгі форум Қазақстан мен Кения арасындағы ынтымақтастық әлеуетін көрсеткенін атап өтті. Сондай-ақ экономикалық байланыстарды нығайтуға қос тараптың да ниетті екенін жеткізді.

Уильям Руто Кения мен Қазақстан ықпалдаса отырып, Африка және Орталық Азия арасында жаңа экономикалық көпір орната алатынына сенімді екенін айтты.

— Осында жиналған бизнес көшбасшыларын диалогтан — келісімге, байланыс орнатудан инвестицияға көшуге, қос халықтың игілігі үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, өнеркәсіп орындарын дамытуға шақырамын. Іскерлік ықпалдастықты ілгерілету үшін Астана мен Найроби арасында тікелей әуе қатынасын ашудың перспективасы мол. Шығыс Африка нарығына қызығушылық танытқан қазақстандық компанияларға Момбаса мен Ламу порттары қызмет етуге әрдайым әзір. Бүгін біздің елімізден келетін тауарларға арналған Астанада логистикалық хаб салу жөнінде уағдаластық. Мен бұған қуаныштымын, — деді Кения Президенті.

Қазақстан мен Кения президенттері ALEM AI халықаралық жасанды интеллект орталығын да аралап көрді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кения Президенті Уильям Руто ALEM AI халықаралық жасанды интеллект орталығына барып, елдің

басты технологиялық хабы саналатын кешеннің әлеуетімен танысты.

Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев мемлекеттер басшыларына музей экспозициясы мен ЖИ-кинотеатрын көрсетіп, орталықтың ұзақмерзімді даму стратегиясы туралы мәлімет берді.

Президенттерге Astana Smart City жүйесі және оның бейнеленген, қоғамдық қауіпсіздік, көлік ағыны мен қалалық қызметтерді онлайн режимде үйлестіру салаларындағы мүмкіндіктері баяндалды.

Бұдан кейін Қазақстан мен Кения президенттері «Астана» халықаралық қаржы орталығына барды.

Мемлекеттер басшыларына Қазақстан мен Кения арасында инвестиция тартуға және халықаралық қаржылық ынтымақтастықты кеңейтуге арналған өндіріс алаң ретінде АХКО қызметі таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Уильям Рутоға АХКО басқарушысы Ренат Бектұров орталықтың негізгі бағыттары, соның ішінде капитал нарығын қалыптастыру, орнықты, «жасыл», ислам және авиа қаржыландыруды дамыту, сондай-ақ аталған алаңға халықаралық компаниялардың қатысуын кеңейту шаралары жөнінде әңгімеледі.

Орталықтың экожүйесінде 90 елден келген 5600-ден аса компания тіркелген. Осы жылдарда тартылған инвестиция көлемі 21,8 миллиард доллардан асты. Орталық жұмыс істей бастағаннан бері АХКО қатысушылары ел бюджетіне 317,4 миллиард тенге салық төледі.

21 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ПАРЛАМЕНТ БІРҚАТАР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Президент туралы, Құрылтай туралы, Қазақстан Халық Кеңесі, астананың мәртебесі, елдің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы конституциялық заңдарды, сондай-ақ заңнамалық актілерді Конституцияға сәйкес келтіру, сайлау және прокуратура туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша түзетулер енгізу туралы Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады. Жиынға Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев та қатысты.

Жаңа Конституцияға сәйкес әзірленген «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасын депутаттарға Мәжіліс депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Үнзила Шапақ таныстырды.

— Заң жобасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы Жолдауымен Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді. Конституциялық заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің құқықтық жағдайын айқындайды, — деді комиссия төрағасы.

Қабылданған заңға сәйкес, Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымас негізі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының символы әрі кепілі болып қала береді.

Заң нормалары Президенттің Бас Прокурорды, Конституциялық Сот, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Жоғары аудиторлық палата, Орталық сайлау комиссиясы, Ұлттық Банк төрағаларын, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді және Мемлекеттік күзет қызметінің бастығын, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесінің ұсынысы бойынша Жоғарғы Сот төрағасын тағайындау құқығын бекітеді.

Құрылтайдың келісімі бойынша Президент Вице-Президентті, Премьер-министрді, Конституциялық Соттың 10 судьясын, Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесін, сондай-ақ Жоғарғы Соттың судьяларын тағайындайды және сайлайды.

Бірлескен отырыста Парламент депутаттары тобының бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңда қабылданды.

Заң жобасын Мәжіліс депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Марат Башимов таныстырды. Құжаттың негізгі мақсаты — Құрылтай қызметін ұйымдастыру және құқықтық реттеу.

— Конституциялық заң жобасы биылғы жылдың 15 наурызында республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция ережелерін орындау мақсатымен әзірленді. Заң жобасында Қазақстан Республикасының Құрылтайы бес жыл мерзімге сайланатын жүз қырық бес депутаттан тұратыны белгіленеді. Құрылтай төрағасының үш орынбасары болады, оларды депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай сайлайды, — деді Марат Башимов.

Қабылданған Конституциялық заңмен Құрылтай депутаттарының мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, соның ішінде депутаттық бірлестіктерді, парламенттік көпшілік пен оппозицияны құру мәселелері, сондай-ақ депутаттың әдеп ережелері бекітіледі. Бұған қоса,



заң шығару бастамасы құқығы субъектілерінің аясы Қазақстан Халық Кеңесі есебінен кеңейтіледі, Халық Кеңесі бұл құқықты Құрылтайға тиісті шешім енгізу арқылы іске асырады.

Сонымен қатар құжат Құрылтайдың Үкіметпен өзара іс-әрекет жасау тәртібін, Құрылтайдың Вице-Президент, Премьер-министр, Конституциялық Сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелері лауазымдарына кандидаттарды келісу жөніндегі өкілеттіктерін белгілейді. Сондай-ақ Президенттің ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот судьяларын сайлау нормалары және Құрылтайдың Конституциялық Сот пен Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмаушылық құқығынан айыру тетігі айқындалған.

«Қазақстан Халық Кеңесі туралы» конституциялық заңмен халық мүдделерінің өкілдігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қоғамның қатысу тетіктерін дамытуға бағытталған жаңа институттың құрылуы бекітілді.

Сенат депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Нұртөре Жүсіп атап өткендей, заң Қазақстан Халық Кеңесінің құқықтық мәртебесін үйлесімді ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуге арналған алаң ретінде әрекет ететін жоғары конституциялық консультативтік орган ретінде айқындайды.

— Халық Кеңесі — тек диалог алаңы емес, ол халықтың шынайы үнін жеткізетін, стратегиялық деңгейде ықпал ететін бірегей институт болады. Мұнда азаматтардың ұсыныстары жүйелі түрде қаралып, нақты саясатқа әсер ету мүмкіндігіне ие болады. Бұл әсіресе Қазақстан сияқты көпэтносты және көпқырлы қоғам үшін аса маңызды. Себебі тұрақтылық пен дамуының негізі — әділ өкілдік пен ашық диалог. Кеңес әртүрлі әлеуметтік топтардың, өңірлердің және буындардың мүдделерін тоғыстырып, ортақ ұлттық күн тәртібін қалыптастыруға ықпал етеді. Аталған заңдемократиялық қағидаларды одан әрі нығайтады. Ашықтық, жариялылық және есептілік жаңа деңгейге көтеріледі. Мемлекет қоғам сұранысына жедел әрі жүйелі жауап беретін құрылым ретінде дамиды. Ең бастысы — азаматтардың мемлекеттік басқарудағы рөлі артады. Егер бұрын көптеген бастама тиісті деңгейде ескерілмей қалса, енді Халық Кеңесі арқылы олар институционалды түрде қаралатын болады. Бұл — Президент ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі. Сонымен қатар заң өңірлердің рөлін күшейтуге де мүмкіндік береді. Жергілікті бастамаларды қолдау арқылы әлеуметтік, мәдени, білім беру және

экономикалық жобаларды дамытуға жол ашылады, — деді Нұртөре Жүсіп.

Қазақстан Халық Кеңесіне ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу, Құрылтайға заң жобаларын енгізу, жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтеру, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы диалогты қамтамасыз ету өкілеттіктері беріледі. Сонымен қатар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін ұйымдастыру және өткізу функциясы жүктеледі.

Парламент «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады. Бұл құжат астананың қызметі мен дамуының құқықтық негіздерін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Мәжіліс депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Нұртай Сабилянов заң жобасын екінші оқылымға дайындау барысында комиссия депутаттар мен Парламенттің тұрақты комитеттерінің ұсыныстарын жан-жақты қарастырып отырғанын атап өтті.

— Заң жобасының жекелеген нормаларын Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізілді. Астананың қала мәні аймағына қосылған жерлерді пайдалану тәртібі мен режимі бойынша нормалар нақтыланды. Осындай жерді пайдалану тәртібі мен режимін Үкімет қала және облыс мәслихаттары мен әкімдіктерінің, сондай-ақ жергілікті агломерация кеңесінің бірлескен ұсынысы негізінде айқындайтын болады. Астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының міндеттері, астана мәслихаты мен әкімдігінің өкілеттіктері бойынша нормалар нақтыланды, — деп түсіндірді депутат.

Бұдан бөлек, конституциялық заңда құрамына астана әкімдігінің өкілдері, сәулетшілер, тәуелсіз және кәсіби сарапшылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін білдіретін сарапшылар енген Сәулет-қала құрылысы кеңесін құру көзделіп отыр.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» конституциялық заңды әріптестеріне сенатор Әли Бектаев таныстырды. Құжатпен әкімшілік-аумақтық бірліктердің түрлері айқындалып, осы саладағы мемлекеттік органдардың өкілеттіктері белгіленді, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктерге қатысты мәселелерді қараудың нақты құқықтық критерийлері қарастырылды. Бұл тәсіл тиісті шешімдерді белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің негізінде ғана қабылдауға бағытталған.

Бұған қоса, цифрландыру талаптарын негізге ала отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың шекараларын «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде есепке алу және тіркеу өкілеттігі бекітіледі.

Парламент «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Сенат депутаты, бірлескен комиссияның төрағасы Нұрлан Бекназаров айтқандай, түзетулер әкімшілік-аумақтық бірліктер қайта құрылған кезде сайлау комиссияларының өкілеттіктерін сақтау және ауыстыру мәселелерін реттеуді қарастырады.

— «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңына Қазақстан Халық Кеңесінің жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеруге қатысты конституциялық құқығын айқындауға бағытталған түзетулер енгізілді. Конституциялық Соттың құрамы мен оны құру тәртібі, Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьяларының қызметтеріне тағайындалу тәртіптері және құқықтық мәртебелері, Конституциялық Сот құзыретіне, конституциялық іс жүргізу тәртібіне қатысты нормалар да Жаңа Конституция нормаларын іске асыру мақсатымен жетілдіріліп, нақтыланды. Тұтастай алғанда, ұсынылып отырған қолданыстағы барлық конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді қарастырып жүйелі Конституциялық заң жобасы жаңа Ата заңымызды іске асырудың құқықтық тетіктерін бекітіп, мемлекеттік билік тармақтарының мәртебесі мен құзыреттерін нақтылап, прокуратура органдары мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдік қызметтерін де құқықтық реттеуді жетілдіріп қамтамасыз етеді, — деп түйіндеді Нұрлан Бекназаров.

Заң жобаларын қарау және талқылау барысында сенатор Әли Бектаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңда жергілікті органдардың есепке алу мен тіркеуді цифрландыру жөніндегі қызметі нақтыланғанын, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің тізбесі кеңейтілгені және жергілікті өкілді әрі атқарушы органдардың құзыреті айқындалғанын айтты. Оның сөзіне, бұл шаралар қала маңындағы аумақтарды тиімді басқаруға және агломерацияларды дамытуға арналған нақты құқықтық негіз қалыптастырады.

— Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын аумақтың бөлігі ретінде «әкімшілік-аумақтық бірлік» ұғымы енгізілді. Оны есепке алу мен тіркеуді цифрландыру бойынша жергілікті органдардың құзыреттері нақтыланды. Бұл құқықтық қарама-қайшылықтарды жойып, мемлекеттік деректердің өзектілігін арттырып, ақпараттық жүйелердің өзара үйлесімділігін күшейтеді. Конституциялық заң жобасында еліміздің бірлігі мен тұтастығы туралы қағидат күшейтілді. Мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымы ел аумағының тұтастығын сақтап, оған қол сұғылмауын және оның бөлінбеуін қамтамасыз ететін болады, — деп атап өтті Әли Бектаев.

Бұдан бөлек, кандидаттарды ұсыну процесі жүйеленеді және әкім лауазымына үміткерлердің жинаған дауыстары тең болған жағдайда қайта дауыс беруді өткізу тәртібі реттеледі. Сондай-ақ конституциялық заңмен ақпараттық алаңдарда сайлау алдында үгіт-насихатты жүргізу мәселелері реттелді, дауыс беру, дауыстарды санау немесе қорытындыны анықтау барысында конституциялық заң нормалары бұзылған жағдайда жекелеген сайлау учаскелерінде немесе әкімшілік-аумақтық бірліктерде сайлауды жарамсыз деп тану бойынша Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының құзыреті толықтырылды.

Түзетулердің жеке блогы Құрылтайдың құрылуына және пропорционалды жүйеге көшуге байланысты конституциялық нормаларды іске асыру мақсатында қабылданды.

## АВИАЦИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында авиация саласын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Жиында Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Көлік вице-министрі Гүлзат Көбенова, Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің басшысы Майкл Дэниел, сондай-ақ Air Astana, TransInfoTech компанияларының, Жалпы мақсаттағы авиация пилоттары қауымдастығының және Шығыс Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау және Қостанай облыстары әкімдіктерінің басшылығы баяндама жасады.

Премьер-министр Мемлекет басшысы еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударатынын атап өтті.

— Мемлекет басшысы біздің алдымызға Қазақстанды өңірдегі жетекші авиациялық хаба айналдыру туралы стратегиялық міндет қойды. Аталған мақсатқа жету үшін қолданыстағы әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, отандық және халықаралық әуекомпанияларына қолайлы жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуға, — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкіметте қабылданған шаралар аясында әуекемелерінің паркі мен үшу географиясы кеңейіп келеді. Цифрлық шешімдер, соның ішінде жасанды интеллект технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Премьер-министр Көлік министрлігі қажетті инфрақұрылымды, сервис пен техниканы үнемі жаңартып, нарық пен технологияларға әрдайым талдау жүргізіп отыруға тиіс екенін атап өтті.

Авиатасымалдардың жаһандық өсуі жағдайында отандық авиация саласын дамыту перспективаларына ерекше назар аударылды. Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) стратегиялық жоспарына сәйкес, 2050 жылға қарай жолаушылар саны жылына 12 млрд-тан асады, ал коммерциялық ұшақтардың әлемдік паркі 2034 жылға қарай екі есеге артады. Осыған орай Қазақстан әлемдік авиацияның жаһандық жүйесіне ене

отырып, өз орнын иеленуі қажет екенін атап өтті.

Тиісті ведомствоға жаңа халықаралық бағыттарды, атап айтқанда, Еуропалық Одақ елдері мен АҚШ-қа рейстер ашу жұмысын жеделдету қажеттігі, сондай-ақ билет бағасы бәсекеге қабілетті болуға тиіс екені айтылды.

Астанадан ұшатын халықаралық әуе бағыттарына ерекше назар аударған жөн. Осыған орай Көлік министрлігіне Air Astana компаниясымен бірге осы жылдың соңына дейін елордамыздан Токио мен Нью-Йоркке, ал 2027 жылы — Астанадан Лондон, Париж, Рим, Вена сияқты Еуропа елдерінің астаналары мен басқа да қалаларына тікелей әуеқатынастарын ашу тапсырылды. Премьер-министр инвесторлар мен туристер тартуда бұл өте маңызды мәселе екенін атап өтті.

Үкімет Қазақстанға шетелдік әуе компанияларын әкелу, сондай-ақ транзиттік жүк рейстерінің санын арттыру мақсатында авиация бағасын барынша тиімді етті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында елімізде жүк тасымалдауын отандық әуекомпаниясын құру жобасы жүзеге асырылуда. Биыл қазан айында алғашқы жүк борты Қазақстанға жеткізілуге тиіс. Көлік министрлігіне осы мәселені ерекше бақылауда ұстау тапсырылды.

Сонымен қатар еліміздің авиация саласын одан әрі дамыту үшін кадрлық әлеуетті күшейту қажеттігі атап өтілді. Саланы табысты дамыту үшін білікті мамандар қатарын айтарлықтай ұлғайту қажет. Ғылым және жоғары білім министрлігіне Көлік министрлігімен бірлесіп, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін авиациялық оқу орталығын құру бойынша шаралар қабылдау тапсырылды. Азаматтық авиация академиясы жаңа деңгейге көтеріліп, сертификатталған және өлем мойындайтын мамандарды дайындауы қажет. Шағын және өңірлік авиация үшін кадрларды даярлау кезінде авиация саласындағы қолданыстағы оқу орталықтарын пайдаланған жөн.

Сондай-ақ ел ішіндегі коммерциялық тасымалдарға түсетін жүктемені азайтуға және азаматтардың қозғалысын ыңғайлы етуге мүмкіндік беретін шағын авиацияны дамыту қажет. Сонымен қатар Көлік министрлігі мен Қазаронавигацияға қазірден бастап әуеөкілігін барлық түрін басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру тапсырылды.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді. Жалпы үйлестіру жұмысы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаева жүктелді.

М.ТӨЛЕУ

# ЦИФРЛЫ БОЛАШАҚ: МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДАҒЫ СЕРПІНДІ ҚАДАМ

Астанада Alet.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы алаңында «AMANAT» партиясы Кәсіпкерлер қанатының ІТ-қауымдастығымен және бизнес өкілдерімен кездесуі өтті. Іс-шарада Мәжіліс депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары, жетекші технологиялық компаниялардың жетекшілері, банк секторының, телекоммуникация операторларының өкілдері мен ІТ-кәсіпкерлер бір алаңда бас қосты. Жалпы саны шамамен 440 адам жиналды. Кездесуге Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев қатысты, сондай-ақ өңірлер бейнеконференцбайланыс арқылы қосылды. Қатысушылар цифрландыруды, ЖИ-ды дамыту және Қазақстанның заманауи цифрлық экономикасын қалыптастыру бағытындағы бірлескен жұмыс перспективаларын талқылады.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бүгінде цифрландыру және жасанды интеллект құралдарын енгізуісіне мемлекет тарапынан баса назар аударылып отырғанын атап өтті. Бұл қадам мемлекеттің прогрессивті дамуына серпін беріп, барша қазақстандық азаматтың тұрмысын жақсартуға тиіс. Осы мақсатта қажетті инфрақұрылым құру, заңнаманы жаңғырту және ІТ-салаға инвестиция тарту жұмысы қамтамасыз етілуде. Ал дәл қазіргі кезеңде ең жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін барлық мүдделі тараптың күш-жігерін үйлестіру мәселесі ерекше маңызға ие.

— Бүгінде алдымызда ауқымды, бірақ қолжетімді міндет тұр — алдағы үш жылда Қазақстан толыққанды цифрлық мемлекетке айналуға тиіс. Бұл жай ғана мақсат емес — Мемлекет басшысы айқындап берген стратегиялық бағдар. Бұл істе тек кәсіби қауымдастықтың күш-жігері жеткіліксіз екені анық. Серіктестік — аса маңызды. Депутаттар, мемлекеттік органдар және осы сала арасында серіктестік болуы қажет. Сондықтан прогрестің, технологиялардың және әрбір азаматқа берілетін жана мүмкіндіктердің символына айналатын Қазақстанды құру үшін күш біріктіріміз керек, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері бүгінде депутаттар ІТ-қауымдастықпен бірлесіп цифрлық жаңғырту үшін аса маңызды заңдарды — Цифрлық кодексті, «Жасанды интеллект туралы» заңды және басқа да құжаттарды әзірлегенін ерекше атап өтті. Жана заңдар — заманауи жаһандық трендтерді ескеретін

әрі мемлекеттің, бизнестің және азаматтардың мүдделерін назарға ала отырып, мемлекеттің цифрлық болашағының нақты ережелерін айқындайтын құжаттар. Бұған қоса, депутаттар цифрландыру саласындағы ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізіп келеді. Олар диалог орнатуға әрдайым ашық.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов депутаттар, мемлекеттік органдар және ІТ-сала арасында қол жеткізілген нәтижелі ынтымақтастыққа тоқталды. Бұл өзара іс-қимыл әзірлеушілердің ІТ-саласындағы бастамаларын жүйелі әрі жедел түрде мемлекеттік шешімдерге айналдыруға мүмкіндік береді. Ол мысал ретінде тұрғындардың цифрлық сауатын арттыру бағытында атқарылған бірлескен жұмысты атады. Бұл жұмыс еліміздің барлық өңірінде, әсіресе аға буын өкілдері мен жастарға басымдық бере отырып жүзеге асырылуда. Аталған бастама аясында ел аумағында мыңдаған отбасы «Әлеуметтік әмиян» сервисін пайдалану және интернет арқылы қосымша табыс табу дағдыларын дамыту бойынша оқудан өтті. Ауылдық жерлерде саланың атсалысуы арқылы аудандық ІТ-хабар ашылууда. Бүгінде тек Солтүстік Қазақстан облысының өзінде 14 аудандық ІТ-хаб ашылды. Бұл қадам ауыл жастарының білім беру ортасына қол жеткізуіне және жергілікті жерде стартаптарды іске қосу мен дамыту мүмкіндіктеріне жол ашады. Бұл — бірлескен жұмыстың жарқын үлгілері. Сондықтан оның аясын кеңейте түсу қажет.

Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Бахтияр Мұхаметкалиев 2025 жылдың қорытындысы бойын-



ша Қазақстанның ІТ-қызметтер экспорты 1,1 миллиард АҚШ долларынан асқанын атап өтіп, саланың одан әрі өсуі әлеуеті жоғары екенін жеткізді. Сонымен қатар ол цифрлық экономиканы дамытуға қатысты біртұрақ ұсынысын ортаға салды. Атап айтқанда, цифрлық шешімдерге арналған офтейк-келісімшарттарды енгізу, түрлі салық режимдері арасындағы салықтық кедергілерді жою, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамыту және басқа да бастамалар ұсынылды.

«Атамекен» ҰКП Президиумы Төрағасы Қанат Шарлапаев елдің цифрлық трансформациясында жеке ІТ-бизнестің ролін күшейту қажет екеніне назар аударды. Ол цифрлық құзыреттерді тәуелсіз бағалау жүйесін және ІТ-мамандарды халықаралық сертификаттау тетіктерін енгізу қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ бизнеске арналған дайын цифрлық сер-

вистер мен АІ-шешімдерді енгізуді қолдау шараларын қамтитын «ШОБ-қа арналған цифрлық пакетті» іске қосуды ұсынды.

Өз кезегінде Astana Hub Бас директоры Мағжан Мәдиев Amanat Hub креатив орталығын таныстырды. Аталған хаб креативті идеяларды, вайбкодерлерді және ІТ-таланттарды қолдауға арналған жалпыұлттық алаңға айналып, жас азаматтарды Қазақстанның цифрлық болашағын дамыту ісіне тартады. Kaspi.kz АҚ басқарма төрағасы Михаил Ломтадзе ұлттық цифрлық қаржылық инфрақұрылымды қалыптастырудың және банк секторы мен мемлекет арасындағы серіктестіктің маңызын атап өтті. Freedom Telecom Operations ЖШС бас директоры Қайрат Ахметов 5G мен ІoТ-шешімдерін жедел енгізу үшін радиожилілік спектрін басқару жүйесін жаңғырту мәселесін көтерді. Innoforce ІТ-компаниясының не-

гізін қалаушы Ханат Нұрекенов Smart City жобаларына жеке капитал тарту тетіктері мен қалалық ортаға арналған цифрлық шешімдерді дамыту мәселесі туралы баяндады. Қазақстандағы inDrive басшысы Арай Бекембаев платформалық жұмыспен қамту және цифрлық платформаларды реттеу ісін жетілдіру мәселелерін қозғалды.

Сонымен қатар қазақстандық ІТ-компаниялар қауымдастығының президенті Айымгүл Әбілева құқық қолдану тәжірибесінің тегерімді моделін қалыптастыру және ІТ-кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау қажет екеніне назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар елімізде цифрландыру мен жасанды интеллектті дамытуға қажет ең қолайлы жағдай жасау бағытында Мәжіліс депутаттарының, мемлекеттік органдар мен ІТ-қауымдастықтың бірлескен жұмысын күшейтуге уағдаласты.

## БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРДЫ БІРІКТІРГЕН ЖОБА



Алматыда «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған BIR TOLQYNDA жастар жобасы аясында ашық дәрістер өтті. Жоба студенттерді, жас мамандарды және қоғам белсенділерін біріктірді. Мұндағы мақсат — жастар саясаты, саяси жүйені реформалау, ғылым мен технология салаларындағы негізгі мәселелер бойынша билік өкілдерімен және сарапшылар қауымымен ашық диалог орнату.

Іс-шараға «AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Әбутәліп Мутәлі, «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова, «AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, Алматы қаласы мәслихатының төрағасы Мейірман Отыншиев, мәслихат депутаттары, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Мирас Нысаналиев, сондай-ақ жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов жастарды саяси үдерістерге тартудың маңызына тоқталды.

«Жастар Президент реформаларының қалай жүзеге асып жатқанын, елде не болып жатқанын нақты түсініп, саяси және қоғамдық үдерістерге белсенді қатысуы — біз үшін аса маңызды. Дәл осы мақсатта BIR TOLQYNDA жобасының жана маусымы қолға алынды. Жас көшбасшылар бұл ашық жобаға барынша көп қатысса дейміз. Бүгін біз конституциялық реформаны, өткен референдумды, бір палаталы Парламентке көшу мәселесін және өзге де өзекті тақырыптарды талқылап жатырмыз. Мұның бәрі қазіргі саясат қалай қалыптасып жатқанын жастар толық түсінуі үшін қажет», — деді Александр Данилов.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Әбутәліп Мутәлі жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсыну ісіндегі партия рөліне тоқталды.

«Партия жастарға әлеуметтік тұрғыда өсу мен жана мүмкіндіктерге жол ашады. Мемлекет басшысы жастарды дамытуға ерекше мән беріп, Президенттік жастар кадр резерві бағдарламасына бастамашылық етті. Осындай бастамалар жастарға қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылуда», — деді депутат.

Өз кезегінде «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова жастарды белсенді азаматтық ұстаным танытуға шақырды.

«Біз осы елде өмір сүріп жатырмыз және саясат біздің өмірімізге тікелей әсер етеді. Біз өмір сүретін қағидалар заңдар арқылы қалыптасады. Жастар жана платформалар мен трендтерге тез бейімделеді. Сондықтан осы белсенділікті конструктивті арнаға бағыттау маңызды», — деді Ақерке Искандерова.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары

Мирас Нысаналиев жастар саясатын жүзеге асыру ісіндегі серіктестіктің маңызын ерекше атап өтті.

«Тғімді жастар саясаты мемлекет, қоғамдық институттар және белсенді жастар арасындағы өзара тығыз іс-қимылсыз жүзеге аспайды. Алматыда біз «AMANAT» партиясымен, «Жастар Рухы» жастар қанатымен бірге жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеміз», — деді Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары.

Дәрістер қаладағы төрт алаңында өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қатысушылар жоғары оқу орнының ғылыми-инновациялық инфрақұрылымымен танысып, Робототехника орталығы мен Fagabi HUB-қа барды. Студенттермен өткен диалог барысында жастар саясаты, бастамаларды қолдау, ғылым мен технологияны дамыту мәселелері талқыланды.

DefenseTech Hub алаңында қатысушылар технологиялық жобалармен және QAISAR бастамасының қызметімен танысты. Кездесуде технологиялық

даму, патриоттық тәрбие және жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру мәселелеріне мән берілді.

Satbayev University-де техникалық мамандықтарда білім алып жатқан студенттермен инженерлік білім, кәсіби даму және жас мамандардың мансаптық мүмкіндіктері туралы ашық диалог өрбіді. Қорытынды кездесу қаладағы «Жастар Рухы» жастар қанатының орталығында ұйымдастырылды. Қатысушылар орталық қызметімен танысып, жастар қауымымен алдағы жұмыс форматтарын талқылады.

BIR TOLQYNDA жобасы негізінде қатысушылардың толыққанды қауымдастығы қалыптасады. Бұл алаң сарапшылармен және қоғам қайраткерлерімен тұрақты кездесулер өткізуге, кәсіби тұрғыда өсуге арналған білім беру бағдарламалары мен воркшоптарды ұйымдастыруға, сондай-ақ жас көшбасшылар, белсенділер және түрлі сала мамандары арасындағы байланысты кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, BIR TOLQYNDA жобасы біртүтік іс-шаралар шеңберінен шығып, дамуға және ел өміріне айналууда.



## ЖӘДІГЕР

21 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Ертістен Дунайға дейін, Сырдариядан Сібірге дейін созылып, жарты дүниені жайлаған Алтын Орда тарихы халық санасында таңбаланған. Қағанаттың негізін қалаған Бату ханды қазақтар «садағын сағымға ілдірген Сайын хан» деп әспеттеген. Алаш ардақтысы Ғұмар Қараш XX ғасырдың басында:

«Шыңғыс, Бату хандық құрып тұрған ел,  
Қарақыпшақ Қобыландылар туған ел.  
Ерегескен дұшпан-жауын қуған ел  
емес пе едің – жұртым саған не болды?» – деп күңіренген.

## «АЛТЫН ОРДА»:

## ӨТКЕН МЕН БҮГІНГІНІҢ ҮНДЕСКЕН ТҰСЫ

**А** Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Яғни, қазіргі Қазақстан Жошы ұлысының нағыз мұрагері деген атқа әбден лайық. Астанада өткен халықаралық симпозиум осы ойымызды бекіте түсті. Симпозиумның ашылу рәсімінде сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлық ұлыстың тарихи-мәдени рөліне әділ бағасын берді.

кішілі жүздеген шаһар болған. Отырықшы мәдениет орталықтарында су құбырлары, көріз жүйесі, қоғамдық моншалар жұмыс істеген, сандаған мешіт-медресе, сәулетті сарайлар салынған.

Зерттеушілердің байыбынша, Еуропа қараңғылық түнегінде жатқанда, корольдерінің өзі хат танымайтын дәуірде Ұлық ұлыста білім-білім шырқау шегіне жеткен. Әсіресе, Өзбек хан тұсында ислам діні

шырағандарын зерттеп, Күннің, Айдың тұтылуын алдын ала анықтап отырған. Жәнібек ханның кезінде әйгілі астроном Кәмәләддин әт-Түркмани «Шарх әл-Мулаххас фил-һәйә» деген трактат жазған. Осы орайда Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Өмірбек Қанай бұл еңбектің төрт қолжазбасын шетел архивтерінен аршып алып, біреуін Астанадағы көрмеге арнайы әкелген.

— «Шарх әл-Мулаххас фил-һәйә» трактатын Кәмәләддин әт-Түркмани 1354 жылы Гүлстан қаласында өз Жәнібек ханға арнап жазған. Ортағасырлық қолжазба ислам астрономияның негізгі тұжырымдары бойынша ғаламның құрылысы, аспан сфералары, аспан денелерінің қозғалысы, уақыт пен күнтізбе есептеулері тәрізді мәселелер қарастырылған. Осылайша, ғалым күрделі астрономиялық ұғымдарды қарапайым әрі жүйелі түрде түсіндіреді. Еңбек XIV–XVII ғасырлар аралығында Орталық Азия, Иран, Осман аймағындағы медреселерде оқулық ретінде кеңінен қолданылып, астрономияны оқытудағы негізгі базалық мәтіндердің бірі болды. Кәмәләддин

Сыратқа шалдыққан кісілер көбіне-көп дәрігерге қаралған. Мамандар науқасқа тамыр басу әдісімен диагноз қойып, тиісінше әртүрлі дәрі-дәрмек тағайындаған. Ірі қалаларда қоғамдық емханалар іске қосылған. Мұнда жергілікті тәуіптермен бірге шет жұрттардан шақырылған дәрігерлер де қызмет атқарған. Білімдар, тәжірибелі емшілер қатерлі дерттерге дауа іздеген. Сан алуан өсімдік тамырларынан шипалы дәрілер дайындалған. Сонымен қатар денсаулықты жақсартатын арасан суының қасиеті анықталып, жүйелі түрде шомылу әдетке айналған.

— Астанадағы көрмеге Ахмад ибн Мұхаммад Киланидің «Шарх Фусул Әбуқрат» атты еңбегінің қолжазбасын қойдық. Медициналық трактатты автор өз Жәнібек ханға тарту еткен. Аталмыш қолжазбаның екі нұсқасы Англия мен Иранда сақталған. Англиядағы нұсқа шамамен 1345 жылы жазылған, жалпы 464 беттен тұрады. Қолжазбаның бірінші бетінде «Хакан бин әл-хакан, Сұлтан Махмұд Жәләл-әл-дүния уә-әддин Жәнібек ханға» деген кіріспесі бар, өз Жәнібек хан «жомарттық пен ізгіліктің жарышысы, білім мен ғалымдардың қамқоршысы, Құдайдың жердегі көлнекісі», — деп дәріптелген. Медициналық қолжазбаны ежелгі грек дәрігері, классикалық медицинаның атасы Гиппократтың еңбегіне жасалған түсіндірме десек, жарасалды. Осындай классикалық медициналық еңбектің аударылып, өз Жәнібек ханға арналуы сол кезде Жошы ұлысында ғылым мен білімнің қалай өркен жайғанын аңғартады. Түсіндірме еңбектің хатқа түскен мерзімі Орталық Азиядан басталып, Еуропаға дейін жайылған оба індетімен тұспа-тұс келеді. Бұл да — өзінше жеке зерттеуді қажет ететін бір тақырып, — дейді тарихшы Өмірбек Қанай.

Ұлық ұлыста мейлінше өркендеген тағы бір сала — математика. Осы ретте тарихшы, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Алтын Орда» деректі романынан үзінді ұсынамыз:

«Қарапайым есеп-қисап жөні әуелден-ақ айқын. Кең даладағы мыңғырған мал есебі. Бұлдан соң — ондықтан бастап, түменге дейінгі және жалпылама әскер саны. Енді — ішкі, сыртқы сауда дамыған заманда қисапсыз ақша сомасы. Ең төменгі қажеттілік. Есеп-қисап жөні уақыт озған сайын күрделене түседі. Әр аймақта жеке-жеке, ақыры баршаға жинақты халық санағы жүргізілді. Осы танымал халықтан тарам-тарам салық алынды. Нақты есебі керек. Өмірдің барлық саласына ақша араласты — мың, он мың, жүз мың... — тағы да қисапсыз, сан жүйесі. Ауызша емес, жазбаша танбамен. Жүз қала, нешеме жүз кент-ауылда мыңдаған үй салынбақ. Оның ішінде асқақ мешіт,

сәулетті ғимараттар. Қабырғасын тұрғызу, күмбездің жобалау — бәрі де күрделі есепке тірелмек. Жай ғана есеп емес, математикалық тұрғыдағы стереометрия, геометрикалық тұрғыдағы ғылыми және сәндік, көркем шешімдер. Сарай мен Хажы-Тархан, Бұлғар мен Гүлстанға кірсе да, іргетасы қалған сәулетті ғимараттар — ең алдымен осы күрделі математикалық шешімдер көрсеткіші», — деп жазыпты қаламгер.

Амал қанша, Алтын Ордада туған ғылыми еңбектердің дені бүгінгі заманға жетпеген. Жиырма жылда қолжазбалар астам хан ауысқан, қалалар қирап-өрттенген, адамдар қырғынға ұшыраған бұлақ кезінде қолжазбалардың қойылып кетуі — қалыпты құбылыс. Бізге мәлім ескі мұралардың бәрі кездейсоқ, сәтті жағдайда сақталып қалған. Сондай сирек қолжазбаның бірі деп белгісіз автордың «Тухфә фи илими әл-хисаб» атты еңбегін айтуға болады. Көрмеде қолжазбаның электрондық нұсқасы көрсетілді. Тарихшы Өмірбек Қанайдың пікірінше, бұл да — Жошы ұлысындағы математикалық білімнің дамуын көрсететін маңызды дереккез.

— Белгісіз автор тарапынан жазылған «Тухфә фи илими әл-хисаб» оқулығы Өзбек хан дәуірінде Алтын Орда мемлекетінің Қырымдағы оң қол бегі болған Әбу әл-Музаффар Ғияс әл-Дин Тулықтемір бекке арналыпты. Ғылыми еңбек арифметика, есеп жүргізу әдістері және сандық амалдарды түсіндіруге бағытталған. Еңбекте негізгі математикалық тәсілдер, бөлшектер, пропорциялар, практикалық есептер талданады. Мұндай трактаттар ортағасырлық медреселерде оқу құралы ретінде кең қолданылған. Қолжазба араб тілінде жазылып, ғылымның теориялық және қолданбалы қырларын ұштастырады, — дейді ғалым.

Бүкіл Еуразияны қамтып жатқан әлемдік империя үшін сегіз қиыр шартараптың сын-сипатын ұғыну өмірлік қажеттілік еді. Жер тану жағрапия ғылымына ұласты. Алтын Орда ғалымдары жаһан жайында толымды мағлұмат жинады. Ортағасырлық географтардың қолында Оңтүстік-шығыс Азия, Үндістан мен Қытай, терістіктегі қарлы-мұзды Итжеккен, Еуропаның арғы шетіндегі Испания мен Португалия, түстіктегі Қара құрлық туралы нақты мәліметтер болды. Ұлық ұлыс аумағында геодезия, дінтану, тарих, заңнама, логика, шешендік өнер секілді ғылым салалары да алға басыпты. Түгел тізбелей берсек, жуық арада санап тауыса алмаймыз. Астанадағы көрмеге қойылған жәдігерлер — осынау телегей-теніз мұраның бір тамшысы ғана. Тарихтың қат-қабат құпиясын терең қаулап қопару алдағы күндердің еншісінде.



— Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көшпелі халықтарды жабайы, бейберекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі доғмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті, — деді Президент.

Алтын Орданың өркениет өріне құлаш ұрғанын симпозиум аясында ұйымдастырылған көрмеден де байқаймыз. Қазақстан жерінен табылған археологиялық жәдігерлер, қолжазба кітаптар, архив материалдары экспозиция мазмұнын байытып тұр. Көрмеде әлемнің әр қиырындағы мұрағаттардан жиналған дипломатиялық құжаттар тұңғыш рет ұсынылды. Мысалы, Күйік ханның IV Папа Иннокентийге жолдаған хаты Алтын Орданың ең көне мемлекеттік құжаты саналады. Ұлық Мұхаммед пен Ахмед хандардың Осман империясы сұлтандарына жазған хаттары да ғасырлар қойнауынан сыр шертеді. Токтамас, Ахмет хандардың тарихи жарлықтары ордадағы құқықтық әрі каллиграфиялық мәдениетті паш етеді. Ал «Хандар шежіресі» деп аталатын қолжазбада Жошы әулетінен шыққан 104 ханның генеалогиясы баяндалады.

Әлетте Алтын Орда десе, аттың жалында, түйенің қомында ғұмыр кешкен көшпелі тұрмыс елестейді. Дегенмен Жошы ұлысында далалық салт-санаммен қатар қалалық өркениет те берік орныққаны белгілі. Қағанат аумағында үлкенді-

мемлекеттік дін деп жарияланған соң Алтын Орданың тынысы ашылып, өрісі кеңейген. Халық жаппай сауаттанып, ғылымның қауырғары қарыштауына алғышарт жасалған.

Нақты ғылымдар ішінде астрономия айрықша дамыған екен. Археологтар XIX ғасырдың орта шенінде Гүлстан шаһарының орнында қазба жұмыстарын жүргізгенде аспан әлемін бақылайтын астрология, квадрант сынды құрал-жабдық сынықтары табылыпты. Кейінгі бір дерек: 1996 жылы Жаңа Сарайда астрология фрагменттері ұшырасқан. Мәшһүр астролог Масғұд әл-Бұлғари астрология мен квадрант арқылы аспан

әт-Түркманидің бұл еңбегі өзінен бұрынғы ғылыми дәстүрді жалғастырып, астрономияны кең таратуға септігін тигізген, — дейді ғалым.

Ең қызығы, Алтын Орда оқымыстары Күннің Жерді емес, Жердің Күнді айналатынын Коперниктен бұрын білген. Мұның нақты бір айғағы Сейф Сарайидің «Суухайл мен Гүлдүрсүн» дастанында көрініс табады. Сондай-ақ Құтыптың «Хусрау мен Шырын» дастанында ғаламның шексіздігі, аспандағы әр жұлдыз өзіне бір әлем, әрқайсысының арасы тым алыс екені айтылады.

Жошы ұлысында медицина да өз заманының жоғарғы деңгейінде болған.



Астанада ЮНЕСКО қамқорлығымен өткен «Алтын Орда – дала өркениетінің моделі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиум жұмысын аяқтады. Дүбірлі жиынның екінші күнінде әлемнің әртүрлі елінен келген жетекші тарихшылар, археологтар, шығыстанушылар, генетиктер, деректанушылар және ортағасырлық Еуразияны зерттеушілер дипломатиялық дәстүрлер мен сауда-экономикалық байланыстардан бастап археологиялық жаңалықтар мен Ұлы дала халықтарының заманауи генетикалық зерттеулеріне дейінгі кең ауқымды мәселелерді талқылады.

**А** Айгүл Сейіл

Негізгі секциялардың бірі Алтын Орда аймақтарының тарихына арналды. Оның аясында ғалымдар Алтын Орда кеңістігіндегі

түрлі өңірдің тарихи даму ерекшеліктерін, ұлыстардың, қалалық орталықтар мен шет аймақтардың мемлекеттілікті нығайтудағы рөлін қарастырды. Сонымен қатар Алтын Орданың ғасырлар бойы тұрақтылығы

ЕЛ МҰРАСЫ  
ЖАҢАША САРАЛАНДЫ

мен тұтастығын қамтамасыз еткен саяси, экономикалық және мәдени үдерістерге ерекше назар аударды.

Талқылаулардың елеулі бөлігі ортағасырлық мемлекеттің дипломатиялық мәдениетіне арналды. Зерттеушілер елшілік тәжірибелерді, мемлекетаралық қатынастардың шарттық-құқықтық тетіктерін, вассалдық-сюзерендік байланыстар жүйесін, сондай-ақ Алтын Орданың ортағасырлық Еуразияның халықаралық саясатындағы орнын саралады.

«Алтын Орда археологиясы және мәдени мұра нысандарын қорғау. Ұлы дала халықтарының популяциялық генетикасының өзекті мәселелері» секциясы аясында Алтын Орда дәуіріне жататын ескерткіштер бойынша заманауи археологиялық зерттеулердің нәтижелері, жана ғылыми олжалар мен оларды интерпретациялаудың жана тәсілдері таныстырылды. Ғалымдар Ұлы дала халықтарының қазіргі этногенетикалық және популяциялық-генетикалық зерттеулеріне де ерекше назар аударды. Пікірталастар барысында ежелгі және заманауи ДНК талдауларының нәтижелері, генетикалық-генеалогиялық модельдер, көші-қон және этногенез үдерістері

қарастырылды. Сарапшылар генетика, археология, тарих және деректану мәліметтерін ықпалдестіру Еуразия халықтарының шығу тегі мен тарихи дамуын зерттеуде жана мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

«Алтын Орда деректануы. Алтын Орданың сауда-экономикалық жүйесі және нумизматика мәселелері» секциясында мемлекеттің сауда-экономикалық жүйесінің жұмыс істеу тетіктері, трансевразиялық сауда жолдарының дамуы, қалалық экономика мен ортағасырлық дала мемлекетінің қаржы институттары талқыланды.

Қатысушыларға ақша айналымын, тенге сарайларының қызметін және Алтын Орданың Еуразия мемлекеттерімен экономикалық байланыстарының ауқымын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін нумизматикалық зерттеулер ерекше қызығушылық тудырды. Сонымен қатар ғалымдар жазба, археологиялық, эпиграфикалық және картографиялық деректердің кең ауқымын, сондай-ақ оларды талдау мен интерпретациялаудың заманауи әдістерін қарастырды.

«Алтын Орда — Еуразиядағы көшпелі және отырықшы өркениеттер байланысының тарихи моделі» атты сессия барысында

зерттеушілер Алтын Орданы көшпелі мәдениет дәстүрлерін, дала қоғамының мобильдігін және саяси-экономикалық ұйымдасудың дамыған формаларын біріктірген бірегей өркениеттік модель ретінде талқылады.

Қатысушылар Алтын Орда тәжірибесінің көшпелі өркениеттің даму заңдылықтарын түсіну, мәдениетаралық диалогты қалыптастыру және Шығыс пен Батыс арасындағы тарихи байланыстарды зерделеу тұрғысынан ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Сонымен қатар басқару, сауда, мәдени алмасу және Ұлы дала кеңістігіндегі коммуникациялар мәселелері де назарда болды.

Симпозиум қорытындысы бойынша қатысушылар ғылыми пікірталастардың жоғары деңгейін, ұсынылған зерттеулердің панаралық сипатын және Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың маңызын атап өтті. Форум тәжірибе алмасуға, жана ғылыми тәсілдерді қалыптастыруға және әртүрлі елдердің зерттеу орталықтары мен ғалымдары арасындағы өзара байланысты нығайтуға арналған маңызды алаңға айналды.

# ТЕМІРҚАЗЫҚ

21 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 2026 жылғы 14 мамырдағы №53 санды)

Жиырмасыншы, отызыншы жылдары әлемдік тілтану ғылымында скиф, сақ тілдерінің көне түркі тілдерімен төркіндігі туралы зерттеулер белең алғанына қарамастан, жоғарыдан түскен нұсқауларға сәйкес, бұл орнықты концепция иран тілдер тобына жақын деген жадағай теориямен ауыстырылды. Ежелгі ғұн тілі, ғұн тарихы түркілерден гөрі моңғолдарға қатысты деген тайғанақ тезиске басымдық беріліп, ол орыстілді зерттеулерде әлі күнге дейін үстемдік алып келеді.

**Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,**  
заң ғылымының докторы, профессор, академик



# «ЖАПОН ТЫҢШЫЛАРЫ»

Ираннан мүлде алшақ жатқан Алтай мен Сібір өлкелерінен табылған скиф, сак мәдениетінің зооморфты стильдегі жауһар туындыларын да түркілерден гөрі ежелгі парсы мәдениетіне жуық жәдігерлер деп қарастыру белең алды.

Алған білімі, ақыл-парасаты және саяси тәжірибесімен суырылып алға шығып, шетелдегі түркі халықтарының көсемі дәрежесіне дейін көтерілген Мұстафа Шоқайдың Сталин қатты сескенген.

Басым бөлігі Парижде шоғырланған орыс ақсуықтері, генералдары мен жоғары шенді офицерлері, зиялы қауым өкілдерімен етене араласқан М.Шоқай аквардияшыл газет-журналдарға жиі-жиі мақалалар жариялап тұрған. Ағылшын, француз, неміс тілдерін меңгерген ол осы тілдерде шығатын Еуропадағы беделді басылымдарға Кеңес өкіметін, Сталиннің зұлымдығын әшкерелейтін өткір мақалалар басқан.

Сталин 1925 жылдың 29 мамырында Казак өлкелік партия комитетінің бюро мүшелеріне хат жолдап, онда: «Я имел возможность на днях познакомиться с журналом «Ажол». Я вспомнил в связи с этим некоторые статьи неизвестного Чокаева в белогвардейской печати и к ужасу своему открыл некоторое, так сказать, духовное «единство» между этими статьями и журналом «Ажол», — деп Мұстафаның мақалаларынан үрей ұшқанын ашық-ашық мойындайды (РГАСПИ, Ф.558, Оп.11, д.133, л.65-67).

Сталин көрін төккен «Ажолға» кезінде Сұлтанбек Қожанов пен Нәзір Төрөқұлов кезектесе редакторлық жасаған. Казактың қос ауылшының үздіксіз қудалау Сталиннің жапыран пашқан осы хатынан басталды.

Осы хаттан небәрі 12 күн өткенде Ташкентте 1920 жылдан шығып тұрған «Ажол» газеті дереу жабылып, аяқастынан ілік табылғанына қатты қуанған Голлошечкин казак қайраткерлерін қуғын-сүргінге түсірген «Кіші Октябрь» қүйынның ұйытқыға соқтырады.

Сталиннің «жапон тыңшылары әшкерелеу» туралы тапсырмасына сәйкес, репрессия тырнағына іліккен казак қайраткерлеріне «пантуркист», «панисламист» айыптарымен қатар «жапон тыңшысы» деген желеу қоса жамалып отырды.

«Жапон жансыздарын» әуелі зиялы қауым мен саяси қайраткерлер арасынан іздеп, біртіндеп армиядағы жоғары шенді офицерлер мен генералдарға ауыз салған Сталин мұны да місе тұтпай, қанды шенгелін оның қылмысты бұйрықтарын екі етпей орындап келген НКВД органдарына батырады.

Ол Мәскеу мен Украинада қызмет істеген жылдары «халық жаулары» әшкерелеуде асқан белсенділік танытып, Сталиннің қас дұшпаны Г.Зиновьевтің ісін жүргізген Г.Люшковты әуелі Ленин орденімен марапаттап, КСРО Жоғары кеңесінің депутаттығына сайлайды. Кейін 1937 жылы қандықол Ежовтың ұсынысымен Киыр Шығыс өлкесіндегі НКВД баскармасының бастығы етіп тағайындайды. «Жапон жансыздарын» әшкерелеу науқанының өріс алғаны соншалық, орысбасары тұтқынға алынғанда, келесі кезекте өзі тұрғанын анық сезген Люшков 1938 жылдың жазында Манжурияға өтіп, өз еркімен жапондарға берілді.

Ол жапон барлауына Киыр Шығыстағы қызыл армиясының құрылымдары, техникасы орналасуы жайлы құпия деректерді жеткізумен қатар, бірнеше рет баспасөз мәслихатын өткізіп, қастандықпен өлтірілген С.Киров өлімінен бастап, Сталин зұлымдықтарының бәрін жайып салады. Жапон жағына өткен соң «Ямогочи Тосикадзу» деген ат алған Люшковтың белсенділігі сондай, ол туралы кеңес барлаушысы Рихард Зоргенің 1939 жылы қантарда Орталыққа жолдаған жазбахатының көлемі 100 беттен асып түскен.

Ягода атылып, Люшков сатқындығы бойынша Ежов қызметінен алынғаннан кейін де (ол 1939 жылдың желтоқсанында, 1941 жылы атылды) НКВД органдары «жапон тыңшылары әшкерелеу» науқанын толассыз жүргізіп, көсем тапсырмасын орындау жаңын салып бағды.

Манжурияны басып алып, КСРО мен Монғолияға кез келген уақытта тұтқиылдан шабуыл жасаудың дайындығына кіріскен кезде Жапония Мукденде танк зауытын салып, Кореяда бірнеше қару-жарақ өндірісін ашды. Алайда Қытайды отарлауды жеделдету мен оңтүстік-шығыс Азия елдерін тездете бағындыруға кіріскен Жапонияның

КСРО-ға қарсы соғысы үнемі кейінге қалдырыла берді.

Жапонияның КСРО-ға соғыс ашуы мүмкін деген сыбыс шығысымен монархиялық билікті қалпына келтіруді көздеген аквардияшы офицерлер Харбин қаласында «Русский Обще-Воинский Союз» атты ұйым құрылып, Кеңес Одағындағы жақтастарымен астыртын байланыс орнатады.

Патшалық Ресейдің бұрынғы ақсуықтері, князьдар, генералдар мен адмиралдар, полковниктер мен жоғары шенді офицерлерінен тұратын дәл осы ұйымға қатысты деген күдікпен 15 мыңға жуық адам тұтқындалып, олардың басылымында болған 357 адамның тізімі Сталинге баиядалды. Репрессия бел алып, адам тағдырын шыбын құрлы көрмеуге айналған халықтар көсемі бұл баянатқа: «Ежову. Всех бывших офицеров и генералов по записке Горбачёва нужно расстрелять» деген қатыгез үкім шығарады. Ол бұлжытпай орындалып, көмекшісі Поскребышев «Исполнено. Послана телеграмма 16.XII.37 г.» деген жауап жолданады (Мозохин О.Б., ОГПУ-НКВД в борьбе со спецслужбами Японии. Москва-Берлин, 2019, с. 224).

Халықаралық «Мемориал» қорының деректері бойынша 1937-1938 жылы тек «Харбин ісі» бойынша 49 470 адам тұтқындалып, оның 31 226-сы ату жазасына кесілген. Жалпы, Кеңес Одағы бойынша «жапон тыңшысы» деген желеумен жүздеген мың адам жазықсыз құрбан болды. Олардың басым көбі өмірінде тірі жапондықты көрмеген жазықсыз жандар еді.

НКВД органдары күн сайын тіміскілеп, қияли ойдан туған «жапон жансыздарын» ұстап, азапқа салуға көшкенде елде Кеңес Одағына қарсы соғысқа қапысыз дайындала бастаған Германия тыңшылары өріп жүрген болатын. Бұл кезде Гитлермен ауыз жаласып үлгерген Сталин мұны білсе де, білмегенсіп, көрседі де, көрмегенсіп.

Сезікшілдігі қанішерлік жағдайға дейін жеткен Сталинге түрмеге түскен, айдауға жіберілген, атылған ондаған мың адам тағдыры азылқ етті. Ол 1937 жылдың 21 тамызында КСРО Халық комиссарлар кеңесінің №1428-326 қаулысымен Киыр Шығыстағы 172 мың этникалық корейді «Жапонияға тыңшылық жасады» деген айыппен Казакстан мен Әзбекстанға жер аударуға бұйрық береді. Мал таситын азынаған вагондармен көшірілген корейлердің 11 мыңы жол азабынан қайтыс болады. Шынтауытқа келгенде, Сталин айыптаған корейлер өз елінен, жерінен айырылып, милитаристік Жапониядан зәбір-жапа көріп отырған ғаріп халық еді. Сондықтан олардың өзін аяусыз езгіге салып отырған жапондардың тыңшысы болуы ақылға сыймайтын айыптау болса да, айналасындағылармен санасуды мүлде қойған диктатор қылмысты істерін одан әрі өршіте түсті.

Сталиннің «жапон жансыздарын» әшкерелеу науқанынан тұтас-тұтап репрессияға түскен корейлермен қатар Жапониямен шекаралас өлкедегі өзге ұлыстар да жапа шекті. Бұл туралы ресейлік тарих ғылымының докторы, профессор, арнаулы органдар полковнигі О.Мозохиннің бас-

# ҚАЙДАН? ШЫҚТЫ.

нии и СССР в годы Второй мировой войны. М., 2020, с.521).

Саясаттың қара бораны екіпінде те соғылған кезде Орталық Азия, Казакстан мен Кавказ жұртындағы ұлт зиялылары да сол баяғы «жапон тыңшысы» деген айыппен Сталиннің қанды шенгеліне іліне берді.

Казакстандағы «жапон тыңшыларын әшкерелеу» науқаны — өте ауқымды тақырып. Оны тарқата талдап, таратып айту үшін арнайы зерттеу қажет. Ол — алдағы уақыттың еңшіңде болса да, казак зиялыларының тағдырына орасан зор қауіпті қайғы әкелген зұлмат науқанның кей тұстарына қысқаша тоқталып өткенді жөн санадық.

Қазіргі оқырманның көп дүниеге көзі ашылды. Казакстан Республикасының Президенті К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша мемлекеттік хатшы, профессор Е.Кариннің бас редакторлығымен 2023 жылы «Алашорда ісіне» қатысты бұрын құпия мұрағаттарда құлыптанып келген 12 томдық құжаттар мен материалдар жарық көрді. Енді солардың бір парасын сөйлетіп көрейік.

Төңкеріске дейін патша жандар-мериясының қуғын-сүргініне түсіп, бірнеше мәрте абактыға жабылған Әлихан Бөкейханов НКВД тергеушілері алдында өзін еркін ұстаған. Ол 1937 жылдың 6 тамызындағы допрос барлық жауапкершілікті өзіне алып: «Я лично по всем этим вопросам вел переговоры, как представитель национальной партии «Алаш», — деп қансыз қарсы жауап беріпті.

Ә.Бөкейханов Алаш партиясының мақсаты Казакстан автономиялық республикасын құру болғандығын да ашықтан-ашық мәлімдеп: «Основной задачей партии «Алаш» являлось создание автономии Казахстана в составе российской буржуазно-го государства, через Учредительное собрание», — деп Алаштың асыл мақсатын ашықтан-ашық жеткізген.

Кеңес өкіметіне қарсы күрестен қалай бас тартқаны туралы тергеушінің китүрқы сұрағына кектене қарсы тұрып: «Я не мог и не могу быть сторонником советской власти. Мои убеждения исключают признание ее. Я остаюсь верным своим алашординским идеям, за которые я боролся с советской властью», — деп Кеңес өкіметін қабылдамағаны былай тұрсын, барлық күш-жігерін онмымен күресуге жұмсағанын тайсалмай мәлімдеген.

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы да НКВД тергеушілері алдында өзінін азаматтық өр қалпын сақтаған. Ұлт ұстазы алаш рет ату жазасына 1928 жылы кесіліп, кейін ол 10 жыл мерзімге сталиндік лагерьге ауыстырылған.

Сан мәрте абактыға түсіп, азап атаулысының неше атасын басынан өткізген аяулы Ахаң алған бетінен



Қазакстанға жер аударылған корейлер


шылығымен шыққан іргелі зерттеуде: «Репрессиям также подвергались китайцы и харбинцы, замешанные в связях с японцами. Проводилась «чистка» приграничных территорий. Выселялись семьи репрессированных. Проводились массовые репрессии партийных деятелей, руководящего состава органов НКВД, командиров Красной армии», — деп орынды атап өтілген (Мозохин О.Б., Ту-жидин С.В. Борьба спецслужб Япо-

кайтпай: «Организация Алаш ставила перед собой цель — вести активную борьбу против большевиков и против восстановления советской власти в Казахстане», — деген жасқанбай жауап қатқан.

Ахаң Алаш партиясы алға қойған мақсаттарды кенестік органдар құрамында жүзеге асыру үшін партия қатарына да өткен. Одан шығу себепін де ештененен тартынбай: «Но состоя кандидатом ВКП(б), я имел

расхождение с коммунистами по ряду вопросов», — деп түсіндірген.

Республиканың НКВД баскармасының 1937 жылдың сәуіріндегі А.Байтұрсынұлына қатысты толтырған анықтамасында: «В 1934 году... восстановил старые к-р связи и оживил деятельность ликвидированной к-р организации, направив ее деятельность на подготовку к-р по-




Әлихан Бөкейханов Бутырка түрмесінде, 1937 жыл

встанчества в период войны Японии с СССР», — деген шындыққа үш қайнаса сорулса қосымлайтын қисынсыз айып тағалы.

Марсельский дейтін шала сауатты тергеушінің осы құжатты толтырған 1934 жылы КСРО мен Жапония арасында соғысты былай қойғанда, ірі қарулы қактығыс та болмаған. Хасан көлі мен Халхин-гол оқиғалары 1938-1939 жылдары орын алды.

Жалмауыз жүйе Аханндың ақсақал жасына, ұзақ жылғы ұстаздық қызметіне қарамастан, қанқұйлы «үштік» үкімімен 1937 жылдың 25 қарашасында ату жазасына кеседі.



Абактыдағы Ахмет Байтұрсынұлы

НКВД тергеушісі ұзаққа созылған аурудан сырқаты мендесе де, жігері жасмаған Халел Досмұхамедовке «жапон жансызы» деген айыпты мойындама алмаған. Ол 1938 жылдың 7 қазанында тергеушінің екі мәрте қатарынан қойған сұрағына: «Повторяю, что в национал-фашистской организации не состою и агентом японской разведки не был», — деп бастапқы жауабынан қайтпай, табындап тұрып алыпты.

Қаныпезер тергеушілер қанша азапқа салса да, алған беті, берген жауабынан таймаған Х.Досмұхамедовке «кылмысын» мойындама алмайды. Ату жазасына кесу туралы үкім мәселесін алдын ала шешіп қойған жауыздарға мұндай мойындатыудың қажеті де шамалы еді. Олар қайсар қайраткерді толып жатқан қисынсыз айыптармен бірге: «являлся агентом японской разведки и вел шпионскую работу в пользу Японии» деп көп-көрінеу қаралап, ату жазасына кеседі.

Алаш қайраткерлері ішінде Жапон үкіметіне хат жазып, оның өкілімен кездесіп, нақты байланыс орнатқан Райымжан Мәрсеков екендігін біз ғарызда атап өттік.

ОГПУ органдарының Мәрсековке қарсы жүргізген 1922-1925 жылдардағы анду, тергеу материалдарында оған тағылған «жапон тыңшылығы» туралы айып кездеспейді. Соған қарап, бұл кезде тергеушілер оның 1919 жылы Владивостокта жүргізген келіссөздері мен Жапон

үкіметіне жолдаған хатынан бейхабар болған деп шамалауға болады.

Казакстан ГПУ-ы 1930 жылдың 30 қыркүйегінде Алашорданың аса көрнекті қайраткері Әлімхан Ермековтің үйіне тінту жүргізіп, сол жылдың 17 қазанында қамауға алады. Бір жарым жылға созылған тергеу барысында профессор Ә.Ермеков өзіне табылған айыптардың бәрін теріске шығарып, ешқандай контрреволюциялық қызмет пен бандитизмге қатысты жоқтығын дәлелдеп шығады. Нәтижесінде КСРО ОГПУ-ы 1932 жылғы 27 ақпанда: «2. Следственный материал, касающийся последних лет, характеризует лишь националистические взгляды обвиняемых. 3. Организованная руководящая роль обвиняемых в бандитизме совершенно не доказана», — деген қаулы шығарады (КР Президентінің мұрағаты, 352-кор, 1-тізім, 6610-іс, 3-том, 201-бет).



Қайсар профессор Халел Досмұхамедов

Ә.Ермековтің 1930-1932 жылғы ісінде «жапон тыңшысы» деген айыптау болмаса да, ол 1937-1938 жылдары жүргізілген істе алдынан шығады.

Ә.Ермековпен бірге Ташкентте болған кезінде 1930 жылдың 8 қазанында Казакстан ОГПУ-ының №132 қаулысымен Мұхтар Әуезов те қамауға алынады.

Әуез ағасының арқасында ешкім бетінен қақпай бұла өсіп, жастайынан Алаш арыстарының мектебінде өткен Мұхтар тергеу барысында ештененен именбей еркін еркін ұстапты. Оны абактыға түскен күні-ақ ОГПУ 1-бөлімшесінің бастығы Попов сұрақ-жауаптың астына алған.

Қызуы үнемі көтеріліп тұратын Ленинградта оқыған жылдары қаншама қудалауға түссе де, ар-намысын ешкімге тапталмай, білім-білігі арқасында өз құқығын қорғай білген университеттің безгек болмысты оқытушы-профессорлармен етене араласып, саяси тәжірибе жинақтап үлгерген жас Мұхтар Поповтың ығына жығыла қоймапты.

Ол тергеушіге берген жауабында А.Байтұрсынұлы 1918 жылдан бері білетінін, ал Мұхамеджан Тынышпаев, Халел және Жанша Досмұхамедовтермен 1922 жылы Ташкентте болған жылдары танысқанын, ал Маржан Жұмабаевпен хат алысып тұратынын қысылмай-қымтырылмай мәлімдеп: «О существовании каких-либо нелегальных организаций я ничего не слышал и не знаю», — деп жауабын төтесінен қайырыпты.

Ешбір айыбын мойындата алмаса да, қамау мерзімі ұзаққа созыла түскен соң Мұхтар 1930 жылдың 6 желтоқсанында ОГПУ-дің өкілетті өкілі А.Альшицкийдің, 1931 жылдың 21 мамырында прокурор Столбованың атына арыз түсіріп, онда өзінің негізсіз, себепсіз түрмеге қамалғанын айтып: «Я прошу вызвать к допросу и указать на мотивы к принятию репрессивным мерам в отношении меня», — тепсіне төндік сұраған.

Арада төрт ай өткенде Попов Әуезовті тағы да тергеуге алады.

Бұл жолы да Мұхтар Алаш қайраткерлерін бұрыннан білетінін, Ленинградта оқыған жылдары Алашорда үкіметінің мүшесі болған Халел Ғаббасовтан материалдық көмек алғанын, Смағұл Сәдуақасовпен Орынбордан таныс екендігін жасырмай жеткізіп, бастапқы ұстанымынан қайтпай: «Об организации, которая якобы существовала у националистов, я абсолютно ничего не слышал и не знал, а тем более не состою в ней», — деп өзіне тағылған бар айыпты тағы да үзілді-кесілді жоққа шығарады.

Жазушының тергеуге түсіп, абактыға жабылуының соны 1932 жылдың 10 маусымында «Социалды Казакстан» мен «Казакстанская правда» газеттерінде «Алашорданың басты екі адамы өздерінің де, бұрынғы пікірлестерінің де төңкеріске қарсы болғандығын әшкерелеп, өз кінәларын жууға уәде беріп отыр» деген айғайлаған тақырыппен берілген М.Әуезов пен Ә.Ермековтің мәлімдемесімен аяқталады.

Алаш профессор Т.Жұртбай тауып, ғылыми айналымға түсірген бұл құжаттың мазмұнын қайталамай-ақ өңімінен қысқа қайыратын болсақ, отыздың бесуіне енді ғана шыққан М.Әуезов қанша азапқа салса да, азаматтық абзал қалпынан жазбаған. Ол казак әдебиетінің алтын қорына қосылған «Еңлік-Кебек», «Қарагөз» сияқты классикалық туындыларынан бас тартып, «мен өз шығармаларымның көбімен анығында беті ашық ұтшылық күйіндегі жазушы болып шықтым», — деп кінәнін бәрін өз мойнына алып, бірде-бір әріптестерін жауға бермейді. Бермегені былай тұрсын, Әуезов мәлімдемесінде өзінен басқа ешкімнің аты-жөні ай-

тылмайды («Социалды Казакстан», 1932 жыл, 10 маусым).

Мұхтар Әуезов осы «мойындауынан» кейін тұтқыннан босатылса да, ұзақ жылдар бойы соттылығы алынбады. Сталиндік жүйенің қарғыс таңбасы төрт томдық «Абай жолы» эпопеясы түгелдей жарыққа шығып, жазушы әлемдік даңққа жеткен кезде тек 1958 жылдың 28 ақпанында алынып, «аса құпия» деген белгі соғылған бір жапырақ анықтама кеменгердің қолына тапсырылған.

Әлімхан Ермеков түрмеден босаған соң Казакстаннан бой тасалап, Құйбышев жоспарлық-экономика институтында жоғары математика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген 1938 жылдың наурызында екінші мәрте тұтқындалып, этаппен Алматыға жеткізіледі. Бұл кезде тергеу барысында жауапқа алынғандарға жасаған жауыздықтары үшін ешқандай жазаға тартпайтынына өбден көзі жеткен НКВД-ның жаналғыш тергеушілері аласұрған игтей ойына келгенін істеп, ашықтан-ашық айуандық тәсілдермен тергеуге көшеді. Ермековтің ісі осындай қаныпезерлікпен жүргізілді.

Тергеу аяқталғанына он шақты күн өтіп, есін енді ғана жинаған Ә.Ермеков 1938 жылдың 17 мамырында Казак КСР Ішкі істер халқымы С.Реденске арыз жазып, онда тұтқынға алынғанын, кейін 15-16 күн бойына қинау мен азапқа салынғанын, ал 20-23 сәуір аралығында үш күн бойы нәр сызғыбай, ұйықтатпай, үздіксіз ұрып-соғып, есі кірерлі-шығарыңу клевету, вилдетіп әдейі произволиво было тоже самым ужасным бессовестным преступлением», — деп өзін де, өзгелерді де жазықсыз айыптағанына өз өкініш білдіріп, өз қолымен жазылған толық жауап жазуға мүмкіндік сұрайды.



Абактыдағы Мұхтар Әуезов, 1932 жыл

Бастапқы арызына жауап болмаған соң 27 мамырда С.Реденске тағы бір шағым түсіріп, онда: «Начиная 18 мая гр. следователь заставил меня стоять непрерывно около двух суток, у меня отекали ноги, и я, не будучи в состоянии держаться на ногах, упал на пол. В этом состоянии гр. следователь избивал меня, таскал по полу, угрожая, что в этом состоянии будет меня держать до тех пор, пока я не приму на себя тяжчайшее обвинение в организации шпионажа в пользу Японии», — деп жазды (КР Президентінің мұрағаты, 352-кор, 1-тізім, 5194-іс, 70-бет).

Ермеков шағым айтқан соң Марков деген жаналғыш одан сайын құтырып: «Скоро мы смеем все ребра, а показание все-таки выудим», — деп тітпен құтырып кетеді. Жантүрігерлік азаптаулардан есінен тана берген Ермеков өзі жазғандай: «Я каждаый раз в состоянии бредовом, галлюцинаций должен вставать в лужный путь, возводило на себя чудовищные обвинения», — дегенге барған.

Сонда Ермеков нені «мойындаған». Тергеушінің азапқа салып мәжбүрлегендегі айыптаулары мынандай болып шыққан.

«Я с 1919 г. являюсь агентом японской разведки».

«Завербован я в 1919 г. в Г.Омске секретарем японской военной миссии при Колчаке капитаном Като».

«Наша организация основной целью ставила свержение советской власти, вооруженное отторжение Казахстана от СССР и создание буржуазного казахского государства под протекторатом Японии».

«Основными руководителями национал-фашистской организации являлись: Букейханов Алихан, Рыскулов Турар, Ходжанов Султанбек и Нурмаков Нигмет, с которыми я осуществлял организованную связь».

Мен профессор Ермековтің өмірін зерттеумен қырым жылға жуық айналысып келемін. Орыс тілін өте шебер меңгерген, өз сөзіне терен мән-мағына сыйдыратын, математикалық талдау қабілеті мықты, ғылыми ойлау жүйесі терен ғалымның енді ғана құрылған Алаш автономиясын (Казак АССР-і 1920 жылы 26 тамызда жарияланды) қарулы күшпен әлі Одаққа бірікпеген КСРО-дан (ол 1922 жылы 30 желтоқсанда құрылған) бөліп өкету туралы жазуы профессор Ермековтің мойындауы емес, шала сауатты тергеушінің сандырағы екені бірден-ақ көрініп тұр.

(Жалғасы бар)

21 МАМЫР 2026 | БЕЙСЕНБІ

## АЙНА

Алатау қаласында Қазақстандағы алғашқы әуетаксиді сынақтан өтті. Жоба сәтті жүзеге асса, кептелістен көз ашпайтын алматылықтар енді әуекөлігі арқылы қатынай бастауы мүмкін. Аэротаксимен Алматы әуежайынан Медеуге дейін небәрі 10 минутта жетуге болады.

# ӘУЕТАКСИ АЛАТАУ АСПАНЫНДА



**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

eVTOL (electric Vertical Take-Off and Landing) атты электр қуаты арқылы тік ұшып-қонатын аппарат Қазақстан мен Орталық Азия тарихында алғаш рет көкке көтеріліп отыр. Әлем елдері «аэротакси» деп атап кеткен бұл технология енді Қазақстанға да жақындай түсті. Алатау аспанында қалықтаған әуетаксиді қытайлық Autoflight компаниясына тиесілі. Компанияның вице-президенті Келлен Се аэротакси толыққанды электр қуаты арқылы жұмыс істейтінін, сондықтан бұл экологиялық тұрғыда қауіпсіз екенін атап өтті.

— Таныстырып отырған және алдағы уақытта қолданысқа шығуы мүмкін аэротакси модельдерінің қанат ұзындығы шамамен 15 метр болса, жалпы ұзындығы 11 метр, ал биіктігі 3 метр. Максималды ұшу салмағы 2 тоннаға жетеді. Аппарат тік қонғып, көтерілуі үшін кемінде 30 шаршы метр болатын арнайы жабдықталған алаң қажет. Ал бүгін көкке ұшырылған модель пилотсыз режимде жұмыс істейді. Бұл аппарат негізінен тікұшаққа қарағанда әлдеқайда тыныш ұшады. Әуетаксиді арнайы әуежай мен ұзын ұшу жолағын қажет етпейді. Аэротакси сағатына 200 шақырымға дейін жылдамдықпен қозғалып, бір мәрте қуатталғаннан кейін 200 шақырымға дейінгі қашықтықты бағындыра алады, — деді Келлен Се.

## АЛҒАШҚЫ ЖОБА — АЛҒАШҚЫ МҮМКІНДІК

Аппарат бір мезетте 1 ұшқыш пен 4 жолаушыны тасымалдай алады. Prosperity моделі Lift-and-Cruise жүйесімен жұмыс істейтін 13 электр қозғалтқышымен жабдықталған. Ең бастысы, аппарат атмосфераға көмірқышқыл газын бөлмейді. Жоғарыда атап өткендей, әуекөлігінің дыбыс күші де төменірек. Мысалы, жүк көлігінің шу деңгейі шамамен 80 децибел болса, жеңіл автокөлік 70 децибелге дейін дыбыс шығарады. Ал eVTOL аппараты небәрі 65 децибел дыбыс таратады. Бұл — сауда ойын-сауық орталығындағы қалыпты дыбыс деңгейімен шамалас. Мамандардың айтуынша, аэротаксидің қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударылған. VTOL жүйесіндегі барлық негізгі бөлшек бірнеше деңгейлі резервтік қорғаныс жүйесімен жабдықталған.

— eVTOL аппараттарын тек жолаушы тасымалына емес, жүк жеткізуге, төтенше жағдайларда жедел әрекет етуге және өрт сөндіру жұмысына да қолдануға болады. Болашақта бұл технология қалалық қатынастың маңызды бөлігіне айналады деп сенеміз. Алматының таулы аймақтарын ескерсек, аэротакси туристерді тау-шаңғысы курорттарына жылдам жеткізу үшін де өте ыңғайлы. Қазір мұндай жүйе Қытайдың Шыңжаң өңірінде қолданылып жатыр. Ал Алатаудағы жоба Қазақстандағы ғана емес, Орталық Азиядағы алғашқы жобалардың бірі ретінде жүзеге аспақ, — деді Autoflight компаниясының вице-президенті Келлен Се.

## ҚАРЖЫСЫ — 300 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ

Жоба толықтай жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылып жатыр. Алатау қаласындағы қалалық әуе мобилділігін дамытуға шамамен 300 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы тартылған. Іс-шараны қазақстандық Alatau Advance Air Group



құрылысы басталып кетті. Алдағы кезеңде Алатау қаласы, Алматы қаласы және Алматы облысының туристік аймақтарында вертипорттар желісін салу жоспарланған. Жаңа маршруттар өңірдің негізгі көлік тораптарын байланыстырады.

Сондай-ақ іс-шара барысында Alatau Advance Air Group Ltd компаниясы AutoFlight-пен өзара түсіністік туралы меморандумға (MOU) қол қойды. Құжат V2000/V5000 сериясындағы 50 eVTOL аппаратын сатып алуды мақсат тұтады. Бұл — Қазақстандағы әуе мобилділігін дамытуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Тараптар ел аумағында тек техниканы енгізумен шектелмей, толық экожүйе қалыптастыруды жоспарлап отыр. Оның ішінде маркетинг, сату, оқыту, инфрақұрылым, жүресті операциялары және техникалық қызмет көрсету (MRO) бағыттары бар. Сонымен бірге серіктестік аясында технология алмасу, ноу-хау және операциялық тәжірибе трансфері де қамтылған.



**Аппарат бір мезетте 1 ұшқыш пен 4 жолаушыны тасымалдай алады. Prosperity моделі Lift-and-Cruise жүйесімен жұмыс істейтін 13 электр қозғалтқышымен жабдықталған. Ең бастысы, аппарат атмосфераға көмірқышқыл газын бөлмейді.**

## ҰШҚЫШСЫЗ БАСҚАРЫЛАТЫН «КУРЬЕР»

Жоба аясында жолаушыларға арналған аэротаксимен қатар Қытайдың Keeta Drone және АҚШ-тың A2Z Drone Delivery компанияларының жүк жеткізуге арналған ұшқышсыз жүйелері ұсынылды. Сондай-ақ Korea Airports Corporation мен Shenzhen Urban Transportation Planning Center әзірлеген UATM цифрлық навигациялық платформасы таныстырылды. Мамандардың пікірінше, бұл үш бағыт бірігіп отырып, әлемдік индустрияда Low Altitude Economy, яғни төмен биіктіктегі экономика деп аталатын жаңа инфрақұрылымдық модельдің негізін қалыптастырады. Мамандар бұл жүйені әуе кеңістігін цифрлық басқарудың жаңа форматы ретінде бағалап отыр.

Сарапшылардың пайымынша, Urban Air Mobility бағыты алдағы онжылдықтарда жаһандық нарықтың ірі сегментіне айналуы ықтимал. Morgan Stanley болжамына сәйкес, 2040 жылға қарай оның көлемі 1-1,5 трлн АҚШ долларына жетеді. Ал McKinsey & Company бұл саланы жаңа қалалық экономиканың негізгі драйверлерінің бірі ретінде қарастырады. Инвестициялық динамика да бұл трендті растайды. 2016 жылы Advanced Air Mobility саласына салынған жеке инвестициялар шамамен 40 млн доллар болса, 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 6,5 млрд доллардан асқан.

## ВЕРТИПОРТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Мамандардың сөзінше, eVTOL аппараттары вертипорттар арқылы ұшып-қонады. Вертипорт — зарядтау инфрақұрылымы мен заманауи навигациялық жүйелермен жабдықталған шағын алаң. Әдеттегі әуежайлардан басты айырмашылығы да сол, вертипорттарды қалалық ортаға тікелей енгізуге болады. Олар ғимарат шатырларына, жол инфрақұрылымына және бизнес-кластерлерге орналастырылады. Unmanned Airspace аналитикалық платформасының болжамына сәйкес, 2029 жылға қарай әлемде 1 500-ден астам вертипорт салынуы мүмкін. Қазірдің өзінде Алматы облысындағы Алатау қаласында алғашқы вертипорттың

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Сағатхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

## КІТАП КЕРУЕНІ АҚТАУҒА ЖЕТТІ

Ақтау қаласында тұңғыш рет өткен «Кітап керуен — Ақтау» жәрмеңкесі кітапсүйер қауымның ерекше ықыласына бөленді.



Кітап жәрмеңкесі Ақтау қаласы әкімдігінің қолдауымен Маңғыстау облыстық Қабиболла Сыдыққұлы атындағы әмбебап кітапханада және Каспий теңізінің жағалауында ұйымдастырылды.

Мерекелік іс-шараның алғашқы рәсімі қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев ескерткішіне гүл қоюдан басталды. Салтанатты іс-шараның лентасын Ақтау қаласының әкімі Әбілқайыр Байпақов пен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Роза Мұқанова қиды.

Қала әкімі Әбілқайыр Байпақов жиында құттықтау сөз сөйлеп, мұндай кітап жәрмеңкесінің ерекшелігіне тоқталды. Сонымен қатар кітап оқитын ұлт қалыптастырудың маңызы мен рухани құндылықтар жайында пікір білдірді.

Тұңғыш рет ұйымдастырылған кітап жәрмеңкесіне еліміздің әдебиет және мәдениет саласындағы белгілі тұлғалары қатысты. Атап айтқанда, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, ақын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Оңайгүл Тұржан, ақын, Жазушылар одағы Маңғыстау филиалының төрағасы Анар Шамшадинова, ақын, Ақпарат саласының үздігі Гүлтайым Дәуітбаева, жазушы, халықаралық «Шабьт» фестивалінің лауреаты Бақытгүл Сәрмекова, жазушы, Мәдениет және ақпарат саласының үздігі Қанат Тілеухан, ақын-жазушы Ақберен Елгезек, ақын-драматург Ұларбек Нұрғалым сынды қаламгерлер арнайы келді.

Бұдан бөлек, жәрмеңкеге елімізге танымал баспапар да қатысты. Олардың қатарында: Qasymkitap, Steppe&World, «Абай», Arman-PV, ZIYAT, SANA, MAZ-MUNDAMA, Marfu, «Отбасы хрестоматиясы», WIK HOUSE баспапары бар.

«Кітап керуен — Ақтау» жәрмеңкесіне арнайы дайындалған автобус та қала көшелерін аралап, тұрғындарды рухани іс-шараға шақырды.

15-16 мамыр күндері өткен екі күндік жәрмеңке аясында кітаптарға арнайы жеңілдіктер ұсынылып, түрлі мәдени-әдеби бағдарлама ұйымдастырылды. Сонымен қатар әдебиет пен шығармашылықты дамытуға арналған секциялық отырыстар, жаңа кітаптардың таныстырылымдары мен тұсаукесерлері өтті. Атап айтқанда, жазушылар: Қанат Тілеухан мен Аслан Тілеген құрастырған «Атабаев лекциясы» кітабы, ақын Оңайгүл Тұржанның «Ағаштар үнсіз өседі» кітабының, ақын әрі жазушы Ақберен Елгезектің «Дардай» романының, жазушы Әлішер Рахаттың «Иесіз көленке» кітабының, жазушы Мәрия Омардың «Ақбалжан» кітабының және Arman-PV баспасынан шыққан «Көшпенділер ойыны» танымдық энциклопедиясының таныстырылымы болды.

Жәрмеңкенің екінші күні Каспий теңізінің жағалауында жалғасып, сенбілік демалысқа шыққан халық сүйікті авторларымен кездесіп, суретке түсіп, кітаптарын қолтаңбасымен алды.



Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4741**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,